zangazet@mail.ru
№83 (3811)
4 қараша 2025

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

СҰХБАТ

**Төрәлі ҚЫДЫР,**
*Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры:*

## «АСЫЛ ДІНІМІЗГЕ КҮЙЕ ЖАҒУ ҚАТЕ»

**– Төрәлі Еділбайұлы, өзіңіз жетекшілік ететін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының ашылғанына биыл бір жылдан асты. Оның қызметінің негізгі бағыт-бағдары қалай жүзеге асып жатыр?**

– Институтымыздың ашылғанына бір жылдан асты. Одан беріде институттың құжаттарын реттеп, ресми тіркеуден өткіздік. Штат бірлігін анықтап, ішкі құрылымдарын жасақтадық. Алдағы атқарылар негізгі жұмыстарымызды нақтыладық. Құдайға шүкір, бүгінде ресми жұмыс жасап келеміз. Қазақ руханиятын зерттейтін ғылым ошақтарының бірі болсақ деген ойымыз бар. Осы жолда іргелі және қолданбалы зерттеулерге ден қойсақ деп отырмыз. Бүгінде «Рухани мұра» деген ауқымды жобаны бастап та кеттік. Осы жоба арқылы мың жылдан аса имани сенімімізге айналған Исламның асыл қасиеттерін бүгінгі күн тұрғысынан зерделеп, еліміздің рухани кеңістігінің тұтастығына қызмет етсек дейміз. Басты мақсатымыз – дәстүрлі дінімізді ғылыми негіздеу. Осы мақсатқа жету жолында дін мен дәстүр сабақтастығына, діни құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың тұтастығына ден қойып отырмыз. Сондай-ақ, іргелі зерттеулермен бірге, талдау, сараптау жағына да назар аударсақ дейміз. Ондағы мақсатымыз еліміздегі түрлі ағымдар мен жамағаттардың іс-әрекетін зерделеп, олардың қалыптасу тарихы мен түпкі идеяларын ғылыми талдасақ деген ойымыз бар. Институттың мақсат-міндеті айқын. Енді сол мақсаттың үдесінен шығуды жазсын деп тілейміз.

**– Қазір «дәстүрлі ислам» деген сөзді әркім әрқалай қолданып жүр. Бұл сөзге сіздің беретін анықтамаңыз қандай?**

– 2017 жылы «Дәстүрлі ислам жауһарлары» деген кітап шығарып, жазба жәдігерлеріміздегі асыл дініміздің жырлану ерекшелігін ашып көрсеткен кезімізде, «Ислам дәстүрлі және дәстүрсіз» деп бөлінбейді деп, сын айтқандар болып еді.

*(Жалғасы 3-бетте)*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – БІРЕГЕЙ ЖОБА



**«Халық заңгері» республика көлемінде тұрақты өткізіліп келе жатқан бірегей жобаның бірі. Шараны қолға алудағы негізгі мақсат – халықтың құқықтық сауатын арттыру және заңдық қолдауға зәру азаматтарға тегін кеңес беру.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

МЕЖЕ

# ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАР ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

**Қазіргі жаһандық және ұлттық деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін жаңаша қарастыруды талап етеді. Елімізде тәуелсіздік алған жылдардан бері жүргізіліп келе жатқан саяси реформалардың басты мақсаты – азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік арасындағы тиімді, ашық және тұрақты диалогқа негізделген басқару үлгісін қалыптастыру.**

Осы бағыттағы негізгі тұжырымдама «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделі саналады. Бұл модель билік пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, демократиялық басқару құрылымдарын жетілдіруге бағытталған. Оның өзектілігі – азаматтардың мемлекеттік шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыру және басқарудың тиімділігін жоғарылату қажеттілігінде жатыр. Сонымен қатар, бұл тұжырымдама заманауи технологияларды және құқықтық нормаларды интеграциялауды талап етеді, нәтижесінде кәсіби мемлекеттік аппарат құрылып, қоғаммен тұрақты әрі ашық байланыс орнатылады.

ҚР Конституциясы (1995 ж.) биліктің басты иесі ретінде халықты танып, демократиялық құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерін айқындайды. Мемлекеттік биліктің бөлінуі, құқық үстемдігі және азаматтардың саяси шешімдерге қатысуы – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделінің құқықтық негізін құрайды. Бұл модель азаматтардың мемлекеттік басқаруға белсенді араласуын, олардың пікірін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік билік пен қоғам арасындағы қатынастар демократиялық принциптерге – ашықтық, жариялылық, есептілік және заңдылыққа сүйенеді. Азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуы бірнеше деңгейде жүзеге асады: сайлау, референдумдар, қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық кеңестер, сондай-ақ цифрлық платформалар арқылы ұсыныстар мен өтініштерді енгізу. Бұл механизмдер азаматтық қоғамның дамуына ықпал етіп, билік органдарының шешім қабылдау процесін бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделін іске асыру үшін бірқатар институционалдық механизмдер құрылып, тиісті құқықтық база нығайтылды. 2022 жылы құрылған Ұлттық құрылтай азаматтық қоғамның, сарапшылар мен өңір өкілдерінің басын біріктіретін стратегиялық қоғамдық алаң. Құрылтайдың мақсаты – билік пен қоғам арасында тұрақты, ашық диалог орнату, елдің даму бағыттарын халықтың пікірін ескере отырып қалыптастыру. Мысалы, 2023 жылы құрылтай арқылы 200-ден астам әірлік ұсыныс қаралып, олардың 65%-ы нақты мемлекеттік бағдарламаларға енгізілді. Бұл халық пен билік арасындағы байланысты нақты әрі көрнекі түрде көрсетеді.

2023 жылы қабылданған «Қоғамдық бақылау туралы» заң қоғамдық кеңестердің құзыреттерін нақтылап, олардың мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік актілерді қарау, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру секілді функцияларын заңдық тұрғыдан бекітті. Мысалы, қоғамдық кеңестердің қатысуымен өткен тыңдаулар барысында Алматы қаласында 50-ден астам әлеуметтік инфрақұрылым жобалары қайта қаралып, тұрғындардың ұсыныстары ескерілді. Бұл билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, ашықтық пен есептіліктің деңгейін көтеруге бағытталған маңызды құқықтық жаңалық болды.

Цифрлық технологияларды қолдану мемлекеттік басқаруда инновациялық өзгерістер әкелді.

*(Жалғасы 4-бетте)*









БАҒДАР

# «АДАЛ АЗАМАТ» ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және Әдеп кодексін сақтау мәселелері Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ерекше бақылауында. Жемқорлықтың алдын алу бойынша жекелеген өкілеттіктер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құзыретіне берілді. Бүгінгі күні басты назар тек сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар қызметшілер арасында адалдық, кәсіби әдеп және жеке жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.**



Сыбайлас жемқорлық азаматтардың билікке деген сеніміне нұқсан келтіріп, мемлекеттің дамуы мен басқару тиімділігін төмендетеді. Сондықтан профилактика және ұжымда кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімсіздік қалыптастыру маңызды. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтің сапасы мен ашықтығын арттыру – жемқорлықтың алдын алудың тегеуірінді тетігі.

Біздің департаменттің басты міндетінің бірі – әрбір мемлекеттік қызметтің белгіленген мерзімде және нақты қағидаларға сай көрсетілуін қамтамасыз ету. Мысалы, осы жылдың 9 айында жергілікті атқарушы органдар тарапынан 11 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілген. Алайда, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде 1 319 бұзушылық анықталған. Бұзушылықтың көбі қызмет көрсету мерзімі мен тәртібін сақтамауға байланысты.

90 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылып, басшылық лауазымдағы қызметкерлерге 53 әкімшілік хаттама толтырылды. Бұл ретте өтініш берушімен жеке байланысты барынша азайтып, автоматтандырылған жүйелерді кеңінен қолдану керек. Осыған байланысты цифрлық құралдарды дамыту және адами факторды барынша азайту мақсатында автоматтандырылған есеп жүйелерін енгізу ұсынылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бұл бір реттік науқан емес, ол мемлекеттік қызметті тұрақты әрі үздіксіз жетілдіру процесі. Әрбір қызметкер лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – бұл жеке жауапкершіліктің және адал қызметтің көрінісі екенін түсінуі тиіс. Аталған жұмыстың тиімділігі қызметтік тәртіптің жалпы деңгейіне және қызметтік Этика нормаларының сақталуына байланысты. Осыған орай, қызметтік тәртіп пен Этикалық кодекс талаптарын сақтауға ерекше назар аударған жөн.

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен дөрекі сөйлесіп, әріптестеріне қатысты әдепсіз мінез-құлық көрсеткен, қорлайтын сөздер айтқан бейнежазбалары жиі кездесіп жүр. Мұндай оқиғалар, әрине, бүкіл мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіреді. Бүгінгі күні азаматтардың сенімі – мемлекеттік биліктің басты құндылығы. Ал сол сенімді кейде бір орынсыз айтылған сөз немесе әдепсіз әрекет жоққа шығарады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өзінің билік жүйесінің бейнесі екенін түсінуі тиіс.

Біздің ортақ міндетіміз – құқық бұзушылықтарға жол бермеу және жоғары кәсіби мәдениет деңгейін сақтау. Құрмет, сабырлылық және әдеп – кәсібиліктің, халыққа адал қызмет етудің басты негізі. Біз тек бірлескен жағдайда, жүйелі профилактикалық жұмыс пен әр мемлекеттік қызметшінің жеке жауапкершілігін көтергенде ғана азаматтардың сенімін нығайтып, мемлекеттік органдардың тиімділігі мен беделін көтере аламыз.

Жақында Алматы қаласының 24 жергілікті атқарушы органдарының басшылары және 8 аудан әкімінің қатысуымен кездесу өткізілді. Бұдан бөлек, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің өкілдері Медеу және Жетісу ауданы әкімдіктеріне барып, түсіндіру шараларын жүргізді.

**Е. НҰРЖІГІТОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы**

САРАП

**Қазақстан Республикасының нарықтық экономикасы еркін бәсекелестік қағидаларына негізделген. Бәсекелестікті қорғау – экономикалық қатынастардың әділдігін, нарық субъектілерінің тең құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Осы бағытта Кәсіпкерлік кодексінің 20-тарауы бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын тергеп-тексеру негіздері мен тәртібін белгілейді.**

# БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ НАРЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Монополияға қарсы орган заң бұзушылық белгілері туралы мәлімет алған жағдайда, ол тергеп-тексеру жүргізуді бастауға уәкілетті. Мұндай мәліметтер мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалардан түсуі мүмкін. КК-нің 216-бабы бойынша тергеп-тексеру жүргізудің негізгі себептері:

1.Мемлекеттік органдардан түскен материалдарда заң бұзушылық белгілерінің болуы;

2. Жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштері;

3. Монополияға қарсы органның өз қызметі барысында заң бұзушылық белгілерін анықтауы;

4. БАҚ-та жарияланған материалдар;

5. Монополияға қарсы органның хабарламасын орындамау.

Тергеп-тексеруді бастау туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен рәсімделеді. Бұл бұйрықтың көшірмесі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей өтініш берушіге және тексерілетін тұлғаға тапсырылады. Бұйрыққа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (ӘРПК) сәйкес шағым жасауға болады, алайда шағым оның орындалуын тоқтатпайды.

## Тергеп-тексеру жүргізудің мазмұны мен мерзімі

Монополияға қарсы орган тергеп-тексеруді бастағанға дейін нарықтағы жағдайды талдау жұмыстарын жүргізеді. Бұл талдау тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін, нарық субъектісінің үстем немесе монополиялық жағдайын анықтауға бағытталады. Бұйрықта міндетті түрде: тергеп-тексеру объектісінің атауы, заң бұзушылық белгілері мен негіздері, тексерілетін кезең және мерзім, уәкілетті тұлғалардың аты-жөні және құқықтары көрсетілуі тиіс. Тергеп-тексеру мерзімі үш айдан аспайды, ерекше жағдайларда ол екі айға ұзартылуы мүмкін. Бұйрықтың көшірмесі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органда тіркеледі.

КК-нің 222-бабына сәйкес, сот немесе өзге органда осыған ұқсас іс қаралып жатқан жағдайда, сол объектіге қатысты басқа тергеп-тексеру жүргізіліп жатса, сараптама тағайындалса, қосымша нарықтық талдау қажет болса тергеп-тексеру уақытша тоқтатылады. Тергеп-тексеру қайта басталған кезде мерзім қайта есептеледі және тоқтата тұрған уақыт есепке алынбайды. Сараптама немесе тоқтату туралы шешім ұйғарым түрінде рәсімделіп, үш жұмыс күні ішінде тараптарға хабарланады.

## Тергеп-тексеруді тоқтату негіздері

КК-нің 223-бабына сәйкес, заң бұзушылық фактілері дәлелденбеген болса, объектінің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, ескіру мерзімі өткен болса, осы әрекеттер бойынша заңды күшіне енген сот актісі бар болса тергеп-тексеру тоқтатылады.

Тергеп-тексеру аяқталған соң, монополияға қарсы органның лауазымды тұлғасы қорытынды әзірлейді. Оның негізінде тергеп-тексеруді тоқтату, әкімшілік іс қозғау, заң бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқама шығару, материалдарды құқық қорғау органдарына жолдау секілді шешімдердің бірі қабылдануы мүмкін.

Қорытынды жобасы тергеп-тексеру объектісіне 30 күн бұрын жіберіледі. Егер тарап өтініш білдірсе, ол келісу комиссиясының қарауына шығарылады. Комиссия 5 күн ішінде қорытындының толықтығын, дәлелдемелердің негізділігін бағалайды және хаттама түрінде ұсынымдар береді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды тергеп-тексеру рәсімі нақты және кезең-кезеңімен реттелген. Бұл – монополиялық әрекеттердің алдын алу, нарықтағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың құқықтық негізі болып табылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, тергеп-тексеру барысында талдау әдістемелерінің сақталуы, бұйрықтардың заңдылығы және дәлелдемелердің жеткіліктілігі ерекше маңызға ие. Сондықтан монополияға қарсы органдар мен соттар заң талаптарын толық және қатаң орындауы қажет.

**Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы**

ТАЛҚЫ

# МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕНДЕРГЕ БАЛАМА ЖАЗА ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН

**Қазақстан Республикасында мас немесе есірткі қолданып көлік жүргізу – ең ауыр әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірі болып саналады. Соңғы жылдардағы сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мұндай істерге байланысты қолданылатын жаза барған сайын қатая түсуде. Ал соттар тіпті жол-көлік оқиғасы болмаған жағдайда да жеңілдік бермейді.**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 608-бабының 1-бөлігіне сәйкес, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйінде көлік құралын басқару не көлікті осындай күйдегі адамға беру 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу және 7 жыл мерзімге дейін көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі жазаға әкеп соғады.

Мұндай қатал жазаны қарастырудың себебі түсінікті: мас және есірткі әсеріндегі жүргізушілер ауыр зардаптарға әкелетін жол-көлік оқиғаларының басты себепшісі болып отыр. Заң тек рөлге отырған мас адамдарға ғана емес, медициналық емес мақсатта есірткі пайдаланған кез келген тұлғаға да қолданылады.

ӘҚБтК-нің 440-1-бабының 1-бөлігі осындай медициналық емес мақсатта қолданғандарға 10 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасын белгілейді. Яғни, адам көлік жүргізбесе де, егер медициналық сараптама есірткі қолданылғанын дәлелдесе, ол да жауапқа тартылады. Сот отырысында хаттамалар, түсініктемелер, сараптама қорытындысы, бейнежазбалар және өзге де дәлелдер зерттеледі. Кінә дәлелденсе, сот заңда көзделген жаза түрін тағайындайды.

Қатаң жазалау тәжірибесі жолдағы тәртіпті нығайтуға және мас күйінде көлік жүргізу жағдайларын азайтуға бағытталған. Мұндай тәсіл «рөлге мас күйінде отырсаң – құқықтан, еркіндіктен және қоғам сенімінен айырыласың» деген түсінікті қалыптастырады. Бұл мемлекет ұстанып отырған нөлдік төзімділік қағидасын айқын көрсетеді.

Сондықтан жүргізушілер:

- Алкоголь немесе есірткі қолданғаннан кейін ешқашан көлік жүргізбеуі керек.
- Дәрі-дәрмек қабылдаған кезде, оның көлік басқаруға әсерін дәрігерден нақтылаған дұрыс.
- Мас күйдегі адаммен бірге сапарға шықпаған абзал.



- Есіңізде болсын: тіпті «бір тал марихуана» немесе «бір жұтым сыра» 7 жыл жүргізуші куәлігінсіз қалдырып және қамауға алу жазасын арқалауға алып келуі мүмкін. Бұл – орынды қадам, себебі салдары адам өміріне тікелей қауіп төндіреді.

ӘҚБтК-тің 608 және 440-1-баптардағы жауапкершілік – бұл тек жаза емес, әрбір жүргізушіге ескерту: жол қауіпсіздігі жеке жауапкершіліктен және толық айқындықтан басталады.

Масаң күйде көлік құралын басқару және есірткіні медициналық емес мақсатта қолдану үшін жауапкершілік ӘҚБК-нің 608-бабына сай қолданылады. Осы бап бойынша 2024 жылы 9 айында 457 әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралса, 2025 жылдың 9 айында 335 іс қаралды. Осыдан-ақ Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының тәжірибесінде көлік құралын масаң күйде басқару және есірткіні медициналық емес мақсатта тұтыну деректері бойынша істер жиі қаралатынын байқауға болады. Бұл норма жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Заңда баламалы жаза түрлері көзделмеген, өйткені мұндай әрекет қоғамға тікелей қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 440-1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, есірткі немесе психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта пайдалану әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және 10 тәулікке дейін қамауға алу түрінде жазаланады. Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қатаң әрі баламасыз жаза шараларын қолдану жолдағы тәртіп бұзушылықтарды азайтып, құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Әрбір іс жеке қаралғанымен, соттар қоғамдық қауіпсіздік пен азаматтардың өмірін қорғауды басты назарда ұстайды. Масаң күйде көлік жүргізу қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу деп есептеледі, ал есірткіні медициналық емес мақсатта пайдалану – дереу тоқтатуды және профилактиканы қажет ететін әрекет болып саналады.

- Мас күйінде көлік жүргізу міндетті түрде құқықтан айыру мен қамауға алуға әкеледі;
- Есірткі пайдалану, тіпті көлік жүргізумен байланысты болмаса да, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады;
- Қайталанған немесе салдары ауыр істер бойынша қылмыстық жауапкершілік туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының сот органдары көлік жүргізуді масаң күйде жүзеге асыру және есірткіні медициналық емес мақсатта тұтыну фактілеріне қатысты қатаң және дәйекті ұстаным сақтап келеді. Мұндай саясат құқықтық тәртіпті нығайтуға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және адам өмірін қорғауға бағытталған.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау мен тыйым салынған заттардан бас тарту – жеке және қоғамдық қауіпсіздіктің басты кепілі.

**Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – БІРЕГЕЙ ЖОБА





*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қазақстандық адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, полицейлер, сот орындаушылары, қорғаныс істері жөніндегі басқарма өкілдері, қаржылық мониторинг агенттігінің қызметкерлері, мемлекеттік органдардың басшылары мен басқа да сарапшылар биыл да республиканың түкпір-түкпіріндегі тұрғындарға тегін заң көмегін ұсынды.

2016 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан шарада көптеген азаматтар өзіне қажетті ақпаратпен танысып, мәселесін қалай тиімді шешудің заңдық жолын үйренді.

Халық үшін пайдасы зор маңызды шараға Түркістан облысының прокуратурасы да белсене қатысты. Облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиевтің айтуынша, «Халық заңгері» жобасына аймақта 1225 адам келген. Айтулы шара облыстағы 17 ауданда, ал Түркістан қаласында 5 орталықта ұйымдастырылған. Бұл жоба халық пен құзырлы органдар арасындағы байланысты нығайтып, заңгерлерге тікелей жүгінуге, өзіне қажетті сауалдарға жан-жақты жауап алуға мүмкіндік беруімен құнды болып отыр.

«Халық заңгері» акциясының ауқымы кең. Мұндай форматтағы шараның Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде баламасы жоқ. Биыл қоғам арасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету басты назарда – бұл құқықтық мәдениетті арттыру, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайту және құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін маңызды.

Биылғы акция барысында азаматтар салық, несие, жер, тұрғын үй, еңбек заңнамасы туралы сұрақтар бойынша тегін құқықтық көмек алды. Сонымен қатар, шара барысында азаматтарға жаңа қабылданған заңдар түсіндіріліп, алаяқтықтың алдын алу шаралары бойынша ақпарат ұсынылды.

**Т.ИБАШЕВА,**
**«Заң газеті»**

СҰХБАТ



**Төрәлі ҚЫДЫР**, *Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры:*

# «АСЫЛ ДІНІМІЗГЕ КҮЙЕ ЖАҒУ ҚАТЕ»

*Дінді әркімнің санасына лайықтап айту қажет. Мұсылман елдері бір имани сенімде дегенімізбен де, әр елдің өзінің ғасырлар бойына жинақталған әдет-ғұрпы, салт-санасы бар. Өкінішке қарай, шетелдерде оқып келген діни мамандарымыз сол жақтың аудиториясына айтылатын уағызды біздің қоғамға сол қалпы жеткізгісі келеді. Жергілікті халықтың танымы мен түсінігін ескере бермейді. Содан бір діни мәселеде бірнеше үкім айтылып жатады. Қоғамды шатастыру содан басталады. Үгіт-насихат айтылғанда, шарғи фәтуа берілгенде заман мен мекен, яғни уақыт пен бүгінгі қоғам ескерілуі шарт.*

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Бүгінде «Дәстүрлі ислам» деген ұғым қалыптасып, ғылыми айналымға да еніп келеді.

Әрине, «Дәстүрлі ислам» – шартты атау. Олай атауымызға себеп – Ислам атын жамылған түрлі ағымдар мен жамағаттардың «жолынан» рухани жолымызды анықтап алу. Себебі соңғы жылдары кейбір діни ағымдардың саясилануы, дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығарып, мансұқтауы мұсылман елдерінің рухани тұтастығына сызат түсіре бастады. Содан кейбір елдер «Халықтық ислам» деген ұғымды алға шығарып отыр. Яғни, халықтың болмыс-бітімімен, салт-санасымен, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан сенім. Біздің «Дәстүрлі ислам» дегеніміз де осыған саяды. Қысқаша анықтама берсек, дін мен дәстүрдің сабақтастығы, ұлттық құндылықтар мен діни құндылықтардың тұтастығы. Әдебиеттануда «көркемдік дәстүр жалғастығы» деген ұғым бар. Яғни, сөз өнеріндегі көркемдік ерекшеліктердің қайталанып отыруы. Сол секілді бабаларымыз тарапынан негізі қаланған имани сенімміздің бүгінгі күнге дейін жалғасып жатуы. Әдет қайталанса, дәстүрге ұласады. Біз – кеше не бүгін мұсылман болған жоқпыз, бабаларымыздың бұл дінді ұстанып келе жатқанына жүздеген жыл болды. Сол имани жолымыздың қайта жаңғыруы маңызды.

***– Ғасырлар қойнауынан жеткен рухани-діни көне қолжазбалар мен ескі кітаптарды кадикология-мәтінтанулық тұрғыдан зерделеп, сараптап, оны ғылыми айналымға енгізу қалай жүзеге асып жатыр?***

– Жоғарыда айтып өткенімдей, «Рухани мұра» жобасын қолға алдық. Осы жоба арқылы мыңдаған жылдық жазба жәдігерлерімізді зерделеп, ондағы діни-танымдық, діни-дидактикалық, діни-танымдық және діни-канондық мәтіндерге назар аударудамыз. Сол арқылы қазақ даласындағы исламдану процесін бірнеше кезеңдерге бөліп, әр дәуірдегі діни ағартушылардың құнды еңбектерін қайта жариялауды қолға алдық. Қараһандық, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Патшалық Ресей кезінде жазылған, хатқа түскен мәтіндерді кадикология-мәтінтанулық тұрғыдан зерделеп, жарыққа шығарудамыз. Зерттеуге жеңіл болсын деген оймен соңғы ғасырлардың жазба жәдігерлерін зерттеуден бастадық. Содан сатылап Қазақ хандығы, Алтын орда және Қарахан дәуірінің жазба жәдігерлеріне кірісеміз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы діни кітаптар, негізінен, таспалар мен литографиялардан тұрады. Ол кітаптар сол заманда Қазан, Уфа, Ташкент секілді қалалардағы баспаханаларда басылған. Сол көне кітаптарды бүгінде Ұлттық кітапхана және Орталық ғылыми кітапхана қорынан тауып, біртіндеп жариялап келеміз. Жалпы көпшіліктің сұранысын қанағаттандыру мақсатымен араб қарпінде жазылған мәтіндердің көшірмесін, араб қарпінде терілген асылмәтінді, латын қарпіндегі транскрипциясын және бүгінгі кирилл қарпіндегі аудармасын қатар беріп отырмыз. Біздің кітаптарымызды зерттеушіден бастап, қарапайым оқырманға дейін қолдана алады. Оның үстіне латын қарпіндегі транскрипциясы мен факсимилесін қатар беріп, шетелдік зерттеушілердің де қызығушылығын танытып отырмыз. Бүінгі күнге дейін осы жоба аясында алты кітап оқырман назарына ұсынылды. К.Қаңтаров, М.Жұмашев, Мәшһүр-Жүсіп, М.Ғұмарұлы, И.Тілеуқабылұлы секілді XX ғасырдың басында өмір сүрген діни ағартушыларымыздың еңбектері жарық көрді.

***– Асыл дініміздің жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген имани-сенім екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу үшін қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?***

– Алға қойған мақсатымыз – дәстүрлі дінімізді ғылыми негіздеу. Жұмысымыз бірнеше сатыдан тұрады. Ғасырлар қойнауынан жеткен діни жәдігерлеріміздің академиялық басылымын дайындап, шығару. Сол мәтіндерді Құран, хадис, ақида, тасауф, фиқһ секілді ілімдер тұрғысынан зерделеу. Бүгінде институтымыз тарапынан қолға алынып отырған бес томдық «Ислам энциклопедиясын» бітіріп, содан кейін салалық энциклопедияларға кірісу. Қазақ даласындағы киелі жерлер мен қасиетті мекендер, діни тұлғалар туралы толыққанды зерттеулер жүргізу.

Руханияттың мағынасы кең. Оған халықтың бай ауыз әдебиетінен бастап, тарих, этнография, тіл, әдебиет, өнер бәрі кіреді. Сондағы ислами құндылықтарды ашып зерделеу басты міндет.

***– Соңғы жылдары жұртшылық арасында ислам діні мен оның қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіретін жағдайлар жиі орын алуда. Бұған не түрткі болып отыр?***

– Оның бірнеше себебі бар. Негізінен екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, дін қызметкерінің өзінің сүрінуі. Яғни, шетелде оқып келген маманның бүгінгі қоғамның сұранысын қанағаттандыратын үгіт-насихатты айтпауы. Дінді айтамын деп, дәстүрді мансұқтауы. Дінді қазақ тарихымен байланыстыра алмауы. Этнография, фольклор, жазба әдебиеттен хабары болмауы. Сондай-ақ, ақ-қарасы анықталмай тұрып, дін мамандарын қаралау да орын алып жатады. Оның астарында діни қайраткерлеріміздің беделін түсіру арқылы асыл дінімізге күйе жаққысы келетіндер де баршылық.

***– Ислам діні туралы сөз болған кезде көп адам шариғаттың үкімдері туралы айтып, қоғамға жік салуға тырысады. Жалпы асыл дініміздегі құқықтық қатынастарды талдап, түсіндіретін мамандар дайындау қажет пе?***

– Дінді әркімнің санасына лайықтап айту қажет. Мұсылман елдері бір имани сенімде дегенімізбен де, әр елдің өзінің ғасырлар бойына жинақталған әдет-ғұрпы, салт-санасы бар. Өкінішке қарай, шетелдерді оқып келген діни мамандарымыз сол жақтың аудиториясына айтылатын уағызды біздің қоғамға сол қалпы жеткізгісі келеді. Жергілікті халықтың танымы мен түсінігін ескере бермейді. Содан бір діни мәселеде бірнеше үкім айтылып жатады. Қоғамды шатастыру содан басталады. Үгіт-насихат айтылғанда, шарғи фәтуа берілгенде заман мен мекен, яғни уақыт пен бүгінгі қоғам ескерілуі шарт.

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасында бірнеше кеңестер жұмыс жасайды. Сондай кеңестердің бірі – Ғұламалар кеңесі. Осы кеңесте, негізінен, шарғи үкімдер, яни фәтуалар қаралады. Сараптамадан өтіп, қоғам назарына ұсынылады. Діни мәселелерде осы кеңес тарапынан шығарылған фәтуаларды басшылыққа алған дұрыс. Сондай-ақ, Мүфтиятқа қарайтын Нұр-Мүбарак оқу ордасында фиқһ саласына жетік мамандарымыз баршылық. Кезінде дінді үйренгісі келетіндер шетел асуға мәжбүр болса, бүгінде осы университетте дін ілімін толық үйренулеріне мүмкіндік бар. Мұнда исламтану пәндерімен бірге ұлттық құндылықтарымызды қарастыратын қоғамдық ғылымдар да оқытылады.

***– Тәңірлік сенімді жаңғыртайық деп құрылтай өткізіп, оны дін ретінде насихаттап жүрген адамдардың әрекетін қалай түсіндіруге болады? Бұл адамдарды белгілі бір топтар іштен де, сырттан да қаржыландырып отыр деген әңгіме қаншалықты негізді?***

– Әлеуметтік желідегі түрлі пікірлерге қарап, тәңірлік сенімді қайта жаңғыртқысы келетіндерді аңғаруға болады. Мұндай үрдіс бізде ғана емес, мұсылман елдерінің біразында бар. Оларда да осы сарындас ойлар айтылып жатады. Мысалы, Иранда зороастр дінін қайта жаңғыртқысы келетіндер секілді. Демократиялық қоғамда түрлі пікірлердің болуы қалыпты жағдай. Десек те, демократиялық қоғамда толеранттылық деген де түсінік бар. Яғни, біреудің сеніміне түсіністікпен қарау. Мұны айтып отырған себебім, тәңірлік сенімді қайта жаңғыртқысы келетіндердің кейбірі Исламға тіл тигізіп жатады. Мың жыл бойына ұстанып келе жатқан асыл дінімізге күйе жағу қате.

Әрине, қолмен ұстап, көзбен көрмеген соң олардың қайдан қаржыландырылып отырғанын дөп басып айту қиын. Десек те ішкі һәм сыртқы күштердің ықпалы бар екені анық.

***– Адамдарды наным-сенімімен емес, әртүрлі діни атрибуттары арқылы ажырату қаншалықты дұрыс?***

– Іштегі наным-сенім сыртқа діни атрибуттар арқылы көрініс беріп жатады. Бірақ оны жұрт шошитындай, алауыздық тудыратындай етіп көрсетуге болмайды. Сенім – интимді мәселе. Әркімнің жеке пікірі, ұстанымы бар. Оны қолданатын орындар болады. Бірақ жалпы қоғамдық орындарға алып шығу түсінбеушілікке алып келеді.

***– Дін негіздерін ғылыми тұрғыдан талдап, қарапайым тілде түсіндіріп бере алатын кітаптар, оқулықтар, әдебиеттер мен анықтамалықтар дайындау мәселесі қаншалықты жолға қойылған?***

– Соңғы жылдары біртіндеп қолға алынып келеді. Алғашқы жылдары діни-танымдық еңбектерге басымдық берілсе, бүгінде ол діни-дидактикаға ұласып келеді. Яғни, дінді көркем сөзбен үгіттеу жағы. Дінтанулық сараптамадан өткен діни кітаптарды оқыған дұрыс. Соңғы жылдары ғылыми еңбектер де жазылып жатыр. Гранттық жобалар аясында ғылыми негізделген зерттеулер де жарық көруде. Ислам ғылыми-зерттеу институтынан біраз кітаптар шығарсақ деп отырмыз.

***– Істеріңіз ілгері бассын, сұхбатыңызға рақмет.***

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

МЕЖЕ

# ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАР ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

eGov.kz, E-Otinish, Open Akimat және Smart Bridge платформалары азаматтарға мемлекеттік қызметтерге жылдам қолжетімді мүмкіндік беріп, қоғам мен билік арасындағы байланысты жақсартады. 2023 жылы осы платформалар арқылы 1,2 миллионнан астам өтініш қаралып, әлеуметтік-саяси мәселелер жедел шешімін тапты. Мысалы, Шымкент қаласында Smart Bridge платформасы арқылы тұрғындардың жол жөндеу жұмыстарын онлайн бақылау мүмкіндігі енгізіліп, 85% арыздар екі апта ішінде шешілді. Сонымен қатар, 2020 жылғы конституциялық реформалар оппозицияға парламенттік тыңдаулар ұйымдастыру, күн тәртібіне ұсыныстар енгізу және комитеттерді басқару құқықтарын беріп, саяси плюрализм мен парламенттік мәдениетті дамытуға жағдай жасады. Дегенмен, оппозицияның тиімділігін арттыру үшін ақпараттық тең қолжетімділік пен саяси жауапкершілікті одан әрі дамыту қажет.



Саяси жүйенің дамуы бірқатар нақты нәтижелерге қол жеткізді. Мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуы арқылы қызмет көрсету уақыты қысқарды, бюрократия азайды. Қоғамдық кеңестер 5 мыңнан астам нормативтік актілер жобасын қарап, қоғамның пікір білдіру мүмкіндігіне ие болды. Азаматтардың 85%-ы цифрлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін мойындап, бұл қоғамның цифрлық сауаттылығының артқанын көрсетеді. Сонымен бірге, сандық теңсіздік, қоғамдық бақылаудың әлсіздігі, саяси бәсекелестіктің шектеулілігі және ақпараттық ашықтық мәселелері өзекті болып отыр. Елдің кейбір өңірлерінде интернет пен технологияларға қол жеткізу шектеулі, бұл азаматтардың мемлекеттік басқару процесіне толық қатысуын тежейді. Қоғамдық кеңестердің тәуелсіздігі мен ықпалдылығы жеткіліксіз, ал кейде мемлекеттік органдар ақпаратты толық әрі уақытылы бермейді. Осы мәселелерді шешу мақсатында нормативті-құқықтық актілерді жетілдіру, қоғамдық институттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және саяси мәдениетті тереңдету аса маңызды.

Қазақстан тәжірибесін халықаралық стандарттармен салыстыру маңызды. Мысалы, Эстония мемлекеттік қызметтердің 99%-ын онлайн форматқа ауыстырып, тиімді әрі ашық басқаруды қамтамасыз етті. Финляндия Қоғамдық кеңестерді шешім қабылдауда белсенді қатыстыру арқылы мемлекеттік қызметтің кәсібилігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Канада көпұлтты қоғамда плюрализм мен инклюзивті саясатты дамыту арқылы саяси тұрақтылық пен әлеуметтік келісімді қолдайды. Сингапур мемлекеттік қызмет сапасын арттыру үшін үздік мамандарды іріктеп, қоғамнан ұсыныстар жинауға арнайы платформаларды қолданады. Бұл тәжірибелер Қазақстан үшін мемлекеттік аппаратты кәсіби әрі тиімді етуге, халықпен тұрақты диалог құруға үлгі бола алады. Сонымен қатар, Қазақстан үшін маңызды аспект – ұлттық ерекшеліктерді сақтау, этномәдени әртүрлілікті ескеріп, барлық азаматтар үшін тең қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Қазақстанның «халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделі саяси жаңғыру мен мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың негізгі бағыты болып табылады. Оның табысы құқықтық мәдениеттің өсуіне, кәсіби мемлекеттік аппарат құруға, ашық әрі жауапты Парламенттік басқаруды қалыптастыруға ықпал етеді. Халық пен билік арасындағы сенімді диалогты тұрақты институттар арқылы дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, азаматтық қоғамның құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету – Қазақстанның әділ, ашық және тиімді басқару жүйесін қалыптастырудағы басты міндеттер болып табылады. Ең бастысы – халықтың пікірін тыңдап, оның мүддесін қорғау мәдениетін қалыптастыру арқылы елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету.

**Шыңғыс ЕРГӨБЕК,**
**заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**
**Камиля АЛТАЕВА,**
**PhD, қауымдастырылған профессор**

СПОРТ

# ҚАЗАҚ КҮРЕСІН АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ҚОСАТЫН КҮН ЖАҚЫН



**Түркістанда Qazaq kuresi қауымдастығы Атқарушы комитетінің жиыны өтті. Ол 16 салмақ дәрежесі бойынша Азияның 12 елінен келген 150-ге жуық спортшы қатысып жатқан ересектер арасындағы Азия чемпионатының аясында ұйымдастырылған болатын. Жиын қазақ күресінің стратегиялық бағытын айқындап, халықаралық деңгейдегі жаңа бастамалардың негізін қалаған тарихи шара болды.**

Онда Азия құрлығындағы барлық ұлттық федерациялардың жұмысын үйлестіру, бірыңғай жарыс күнтізбесін бекіту және спортшылардың халықаралық деңгейде аттестациядан өтуін қамтамасыз ету мақсатында Азиялық Qazaq kuresi қауымдастығы құрылды. Оның президенті болып Хариш Тияги (Үндістан), ал бас хатшысы болып Парвин Тияги (Үндістан) сайланды. Сондай-ақ, қазақ күресін Азия ойындарының бағдарламасына енгізу мәселесі талқыланды. Олимпиадалық кеңестің (ОСА) талабы бойынша қазақ күресі Азияның кемінде 25 елінде дамып, 12 мемлекет қазақ күресінің чемпионаттарына тұрақты қатысуы қажет. Сондай-ақ, допингке қарсы саясат, гендерлік теңдік және бірыңғай төрелік жүйе болуы міндет.

Qazaq kuresi қауымдастығының бас директоры Дамир Бекбосыновтың айтуынша, бүгінгі таңда қазақ күресі бұл талаптардың басым бөлігін орындап отыр. Яғни, қазақ күресі Азияның 15-тен астам елінде тұрақты дамуда, төрешілер UWW жүйесімен лицензияланууда, ал қазақ күресінің жаңартылған ережесі халықаралық стандарттарға сай.

«Қазақ күресі – ұлттық рухымыздың айнасы, ұлт болмысын, рухын, ерлік пен әділдік дәстүрін бойына сіңірген асыл мұра. Біз осы мұраны әлемдік деңгейде танытып, болашақта оны Олимпиадалық қозғалыстың бір бөлігіне айналдыруды мақсат етіп отырмыз. Қазақ күресін Азия ойындарының бағдарламасына енгізу – бұл ұлттық идеологияның жеңісі болмақ. Бүгінде қазақ күресі 40-тан астам елде дамып келеді, ал Азия аймағында 15 ел ресми түрде ұлттық федерациясын тіркеген. Біздің міндетіміз – осы кеңістікте бірлесіп әрекет етіп, ортақ мақсатқа жету. Сол үшін Азия деңгейіндегі біртұтас басқару жүйесін құру аса маңызды», – дейді Д. Бекбосынов.

Дамир Әсенғазыұлының сөзіне қарағанда, олардың бастамасымен осы уақытқа дейін Қазақстан, Иран, Бразилия, Оңтүстік Африка және басқа да елдерде 11 – Әлем чемпионаты, 13 – Азия чемпионаты, 6 – Әлем кубогы, 6 – Еуропа және 2 – Африка чемпионаты ұйымдастырылды. Төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған бірыңғай аттестациялау мен біліктілікті арттыру жүйесі енгізілді. Жұмыстарды жүйелеу үшін қауымдастық құрамында 8 комитет пен 3 департамент құрылып, төрешілік, медицина, халықаралық ынтымақтастық, маркетинг және даму бағыттары бойынша нақты міндеттер бекітілген. Бұл жиында Qazaq kuresi қауымдастығы тарапынан 2026 жылдан бастап шетелдік федерацияларға өз елінде чемпионат өткізіп, тоқсан сайын онлайн отырыстарға қатысуы міндеттелді.

Жалпы, Qazaq kuresi қауымдастығы Халықаралық Qazaq kuresi федерациясы, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясы және Республикалық қазақ күресі федерациясының 2020 жылдың 29 ақпандағы бірлескен конгресінде құрылған болатын. Бүгінде қазақ күресінің федерациялары әлемнің 40-тан астам елінде жұмыс істейді. Жыл сайын төрт құрлықтың спортшылары үшін 10-нан астам халықаралық деңгейдегі жарыстар өтеді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ЖАСЫЛ ЕЛ

**«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы саналатын Қазақстанның даму банкі еліміздегі Жасыл климат қоры (GCF) тарапынан ұлттық тікелей қатысу ұйымы (Direct Access Entity) ретінде аккредитация алған алғашқы қаржы институтына айналды.**

# ІРІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Жасыл климат қоры – әлемдегі ең ірі халықаралық климаттық қаржы институттарының бірі саналады. Оның негізгі мақсаты – дамушы елдерге климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын азайту шараларын жүзеге асыруда, сондай-ақ төмен көміртекті экономикаға көшу ісінде қолдау көрсету.

– Қазақстанның даму банкінің Жасыл климат қорының аккредиттелген ұйымдары қатарына қосылуын қуана қарсы аламыз. Елден шыққан бірінші тікелей қатысу институтының аккредитациясы жаңа серіктестік мүмкіндіктерін туғызады және климаттық қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтеді. Бұл ынтымақтастық қордың ұлттық даму банктерімен әріптестігін нығайту жолындағы маңызды қадам болып саналады, – деді Жасыл климат қорының Инвестициялық қызмет департаментінің директоры Ачала Абейсингхен.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, бұл еліміз үшін ерекше маңызға ие. Себебі енді ірі экологиялық және климаттық бастамаларды тікелей қаржыландыру мүмкіндігі пайда болады. Аккредитация тұрақты жобаларға инвестиция тартуға, жылу ұстайтын газдар шығарындыларын азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға және климаттық өзгерістерге бейімделуге жол ашады.

– Жасыл климат қорының аккредитациясы – Қазақстан үшін стратегиялық мәнге ие шешім. Ол төмен пайыздық климаттық қаржыландыруды тартуға, тұрақты жобаларды жүзеге асыруға, жеке инвесторлардың тәуекелдерін азайтуға және жаңартылатын энергетика, өнеркәсіпті декарбонизациялау мен тұрақты инфрақұрылым бастамаларын жеделдетуге мүмкіндік береді. Біз ұлттық басымдықтарға қол жеткізу жолында Жасыл климат қорының қолдауына сенім артамыз, – дейді ҚДБ Басқарма төрағасы Марат Елібаев.

Жасыл климат қорының аккредитациясына Қазақстанның даму банкін ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2024 жылдың қаңтар айында ұсынған болатын. Содан бері бұл қаржы институты қордың талаптарына сәйкестену және төмен пайыздық қаржыландыруды тарту арқылы климаттық жобаларды іске асыруға жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыс жүргізді. Мысалы, биыл мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасыл климат қорының атқарушы директоры Мафальда Дуартені қабылдаған кезде Қазақстан мен Жасыл климат қорының ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Онда ҚР Президенті еліміз қоршаған ортаны қорғауға, соның ішінде орман қорын сақтау мен көбейтуге, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті. Мәселен, Қазақстан 2026 жылы Аймақтық климат саммитін өткізуді жоспарлап отыр. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – өзекті мәселелердің шешімін бірлесіп іздеу, табиғат өзгерістеріне бейімделу, азық-түлік пен су қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұған дейін Қазақстан делегациясы наурыз айында Жасыл климат қорының штаб-пәтеріне климаттық қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту, қазақстандық ұйымдарды аккредитациялау және тұрақты инвестициялау механизмдерін дамыту мәселелерін талқылаған. Онда сапардың алғашқы күнінде Жасыл климат қорының Бас инвестициялық директоры Генри Гонсалеспен кездесуде аккредитация, жеке секторды тарту және климаттың өзгеруіне бейімделу мен парниктік газдар шығарындыларын азайту салаларындағы жобаларды қаржыландыру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, Қазақстан институционалдық әлеуетті күшейту үшін дайындық бағдарламаларына (Readiness Program) қатысу мүмкіндігін зерттеді. Келіссөздерге Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы, Қазақстан даму банкі және Freedom Bank өкілдері қатысты.

Жалпы, Жасыл климат қоры (GCF) 2010 жылы БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясына мүше 194 елдің бастамасымен құрылды. Ол климаттың өзгеруінің салдарын азайту және оған бейімделу шараларын күшейту үшін жеке капиталды жұмылдыруға арналған әлемдегі ең ірі мамандандырылған қор болып табылады. Жасыл климат қоры 134 елдегі жобалармен 158-ден астам серіктес агенттіктерден (Аккредиттелген ұйымдар) тұрады. Бұл теңдесі жоқ жаһандық желіге мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес секторлардан 106 аймақтық және ұлттық ұйымдар (тікелей кіру ұйымдары немесе DAEs), сондай-ақ көпжақты даму банктері, Біріккен Ұлттар Ұйымы агенттіктері және коммерциялық банктер сияқты халықаралық қаржы институттары кіреді.

Жасыл климат қоры өзінің Оңтүстік Кореяның Сонгдо қаласындағы штаб-пәтерінде өткен Кеңес отырысында аккредиттеу үшін мақұлдаған бес ұйымның ішінде Қазақстанның даму банкінен бөлек, Вануату Қаржы және экономикалық басқару министрлігі (MFEM), Тунистің Agence de Promotion des Investissements Agricoles (APIA), Тринидад және Тобаго қоршаған ортаны басқару органы (EMA), Вьетнамның инвестициялар және даму банкі (BIDV) болды. Бұдан бөлек, Жасыл климат қоры кеңесі өткен аптада дамушы елдер үшін климаттық қаржыландырудың рекордтық көлемін мақұлдады. Онда жалпы сомасы 1,332 миллиард доллар болатын 22 жаңа жобаға жасыл жарық берілді. Жасыл климат қоры Басқарма отырысында мақұлданған бұл сома жылдың жалпы көлемін 3,26 миллиард АҚШ долларына жеткізді. Ол 2021 жылғы 2,9 миллиард долларлық алдыңғы рекордынан асып түсті. Жасыл климат қорының алғашқы жобасы 2015 жылдың қарашасында мақұлданған болатын. Париж келісімі қабылданғаннан кейінгі он жылда қор ресурстарында 19,3 миллиард АҚШ долларын құрайтын 336 жобадан тұратын қоржын бар. Бұл жоспарланған бірлескен қаржыландыруды қосқанда 78,7 миллиард АҚШ долларды құрайды. Мәселен, Жасыл климат қорының жаңа жобалар мен аккредиттелген серіктестердің толық тізімінде ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында мақұлданған 22 жоба бар.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

# ШОҚАННЫҢ ДАНАЛЫҚ ӨНЕГЕСІ

*(Соңы. Басы өткен санда)*

Оның үстіне, Шоқанмен араласқан жұрт, жақын жүргені бар, жай таныс болғаны бар, зиялы қауым болсын, патша билігі айналасы болсын, баршасы оның аристократтық ұстанымын бірден ажыратады. Алғаш көргеннен ақсүйектік тәкаппар бітім-болмысына, айрықша сымбатты, сұлу жаратылысына сұқтана, көз ала алмай қарап қалатын болған. Жүріс-тұрысы, киім киісі, өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі, барша қылықтары – оның асылтекті оқшау жаратылысын танытып тұратындығын дос-жолдастары, ұстаздары, орыстың дегдар зиялы қауымы өз естеліктерінде сүйсіне жазғандығы жақсы мәлім. Ал қазақ ішінде, Шоқанды ұлы бабасы Абылай ханға ұқсатушылар көп болған. Осы әңгімелердің негізінде шындық бар, мұны шоқантанушылар – Ә. Марғұлан, С. Мұқановтардан бастап, біраз ғалым зерттеушілер растаған. Мысалы, өз көркем шығармаларын шынайы деректерге сүйеніп, түбегейлі зерттеп барып жазатын академик ғалым-жазушы С.Мұқанов бір қызықты дерек келтіреді: «...Тұрсынбай батырдың /Ескерту: бұл кісі жас кезінде Абылай ханның Көкшетаудағы ордасына жақын жүрген сенімді батырларының бірі болған/ тоқсаннан асқан кезі екен. Бірақ атқа мінетіндей тың.

...Шыңғыс Тұрсынбайды құрметпен қарсы алып, жүдеу киімдерін тастатып, жаңадан жақсылап киіндірген, тәтті дәмдісін аузына тосқан.

Сондай сәттің бірінде, батырдан бата алғысы келген Шыңғыс тәй-тәйлап жүрген Шоқанды қонақ үйге көтеріп жетіпті де, Тұрсынбайға:

– Батыр ата, мынау шөбереңе бата бер! – деп алдына тосыпты. Тұрсынбай қолына ала берген балаға жасаураған үлкен шағыр көзін қадай қарап:

– Әруақ, әруақ! – деп жылап қоя беріпті.

– Ата, бұның не? – деген Шыңғысқа:

– Жыламағанда қайтейін!, – Мынау балаң аумаған Абылай ағам ғой!...» деген екен /С.Мұқанов. Аққан жұлдыз. 1984.1-ші кітап. 105-106 бб./

Кезінде бұл әңгіме көп өрістеп, адам тегін зерттеуші ғалымдар да бұл пікірдің шындығын айқындап, ұлы бабасы мен данышпан шөбересінің арасындағы қатты ұқсастықты дәлелдеген. Неге осы мәселеге қатты назар аударып, шұқшия үңіліп отырмыз?

Оның да үлкен мәні бар. Түр-келбет ұқсастығы өз алдына, ұлы билеуші мен оның дана ұрпағы адамшылық даралықтарымен де қатты ұқсаған-ау деп шамалаймыз. Айырмашылығы, бабасының билеуші болғандығы, шөбересінің ғалым болғандығы ғана. Екеуі де дүниені дүр сілкіндірген, өз дәуірінен озық туған кемеңгер тұлғалар. Абылай хан өз заманының ең озық билеушілерінің бірі ғана емес, бірегейі саналған. Ал Шоқан болса, көз жетер ғана емес, көңіл жетер көкжиекті түгел қамтыған, шартарапқа аты шыққан данышпан ғұлама. Бірі – құдіретті билеуші, екіншісі – сантүрлі ғылым салаларын меңгерген, жан-жақты бесаспап ғалым. Тағы ұқсастық іздейтін болсақ, одан әрі жалғастыра беруге болады. Абылай хан да халық өнеріне ынтық болған, өзі күйші, маңайына Бұқар жырау, Тәтіқара ақын сияқты өнер адамын жинаған, қат-қабат елдік мәселелеріне қарамастан, би-шешендердің, жырау-жыршылардың өнерін қолдаған билеуші. Өзі де шешен, көне ел тарихының білгірі болған. Міне, біз оның өз ұрпағы Шоқанмен сабақтасып жатқан ұқсас қасиеттерін осы арадан табамыз. Шоқанның Абылай хан дәуірін сал-серілер мен батырлықтың ғасыры деуі бекер емес. Айтпақшы, сөз орайы келгенде айтпай кетуге болмас, Шоқан – патшалық империяның Шыңғыс хан, Абылай хан бабаларына оң көзқараспен қарамайтынын, тіпті, жаулық пиғылда екендіктерін әрине, өте жақсы білген, бірақ солай бола тұра, өзінің осы династияның өкілі екенін еш жасырмаған, қайта мақтаныш тұтқан, оған дәлелді алыстан іздемейміз, оның «Абылай» еңбегі қазақтың тарих ғылымы бағытындағы аса көрнекті, құнды туындылар қатарына жатады. Ең ғажабы – Шоқан бұл еңбегінде Абылайды бабасы ретінде атап көрсетпейді, тек тарихшылық бейтараптық тұрғыдан, оның тарихи орнына ғылыми әділетті, таза талдау жасаған. Осының өзі Шоқанның пендешіліктен әлдеқайда биікте тұратын адамзаттық мүддесінің, елдік тұғырының жоғарылығы дер едік. Өзімшілдіктен ада бұл еңбекте Шоқанның бұра тартпаған, дана Абай тілімен айтсақ, «атаның баласы емес, адамның баласына» лайықты ғылыми пайымын көңіл төріңізбен сезініп отырасыз: «Абылай өзінің қадір-қасиетіне лайық, жеке басының қайтпас қайсарлығымен халық арасында үлкен сенімге ие болды. Ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кеңесі мен сұңғыла зердесінің арқасында ол бірден көреген, кемеңгер деген атқа ие болды. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін, Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. /Ш. Уәлиханов. «Абылай» очеркі./

Осы арада, сіздер мен біздер жақсы аңдауға тиіс бір маңызды мәселе бар; Шоқанның ұлы бабасына тарихшылық таным тұрғысынан беріп отырған сипаттамасында, өзі де байқай алмаған өз образын тануға да болардай; Шоқанның өзі де, бабасының қасиеті сан жорықтарда, қазақтың ел болып қалу қалмауы екіталай сын сағаттарда танылса, шөбересі Шоқан болса, қазақтың ғылым көгінде ұлы істер атқаруы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі, патшалық қоғам ортасында, ол да талай күресті бастан кешірген, сан сыннан сүрінбей өткен халқының маңдайы жарқырап туған біртуар перзенті еді. Сондықтан, Шоқанның Абылай ханды тануы – бабасы болғандықтан емес, асыл тегіне тартып туған бекзат болмысы, ғылымда да тектілік қасиетін жоғары ұстай білуі, бабасы секілді халқым деп соққан адал жүрегінің үні деуіміз керек. Осы арада, бір ақиқатты айтуға тиіспіз: біз сөз қылып отырған әулетті қазақтан айырып, бөлектеп көрсету үшін қазақтың ешбір жүзіне қосылмайтын төре дейді, тіпті, моңғол дейді. Осындай алауыздықты пайдаланып, империя қазақ хандарын өз елі мен жеріне жау қылып көрсетуге тырысты. Ал Шыңғыс хан болмаса, оның ұрпақтары Жошы болмаса, Бату, Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Хақназар хан, Тәуекел, Әз Тәуке, Абылай хандар Қазақ Ордасының біртұтастығы үшін күреспегенде, бордай тозған Ноғай жұрты, Ер Едіге шыққан маңғыт жұрттары, қос Қатаған жұрттары, өзімізбен жауласқан қалмақ жоңғар жұрттары, тоқымдай территориясы жоқ ұйғыр жұрттары секілді, жерімізден айырылып, еліміз ел болудан қалар еді ғой. Тіпті, өзгесін былай қойғанда, осы тілімізге тиек еткен бабасы мен шөбересі Абылай хан мен Шоқан Уәлиханов өмірі – қазақты сүйіп, адал қызмет етудің, еліміз бен жеріміздің жарқын мысалы емес пе еді?!

Ол аз болса, осы төрелер әулетінен шыққан, «қазақ баласына мәңгілік қарыздармын, тірі болсам, сол парызымды өтемей қоймаймын» – деп империямен ғұмыры алысып жұлысумен өткен, ғазиз жанын құрбандыққа шалған Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановты қалайша дәтіміз барып, қазақтан мұрат-мүддесін бөлек қоямыз?!

Қалайша қазақ үшін басын тіккен, жанын құрбан еткен осындай ерлерімізді, біртуар данышпан ұлдарымызды қазаққа қарсы қоюға дәтіміз барады?!

Ең құрмаса, Шоқанның сол, «Абылай» еңбегіндегі иісі аңқып тұрған «елім» деп соққан жүрегін, қазақ халқына, оның тарихына деген адал пейілін ұғуға тырыссақ керек еді ғой деп қапа болатын шақтарымыз аз емес, әртүрлі бүйректен сирақ шығарған қисық-қыңыр пікірлер ести жүргенде, әрине, ешкімнің шамына тиейік деген ниеттен аулақпыз.

Жалпы, адал перзенттерін сүйген, бағалайтын, қадіріне жете білетін халқымыздың ортақ танымына сенеміз, даналық ақыл парасатына сенеміз, біздікі – көп ішіндегі теріс пікірлердің өрістеуіне жол бермеу мүддесінен туындайды. Турасын айтқанда, «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, кейбір теріс пікірлер ұрпағымызға кері әсерін тигізбесін деп алаңдаймыз. Соның бәрі ел тарихын дұрыс байыптамаушылықтан, терең бойлап, білмеушіліктен немесе шолақ ой түйіп, бетінен қалқушылықтан келіп шығады. Әрі беріден соң, Шоқан сияқты кемеңгер, алып тұлғаны тану үшін де тарихи өре керек, ол жазған еңбектердің тарихи маңызын түсініп, зерделеуіміз керек.

Бұл ойларымыз, жас ұрпақ Шоқан Уәлиханов сияқты данышпан перзентімізді мақтан тұтып қана қоймай, оның қысқа да болса, мағыналы ғұмырынан ұлағат алып өсуі керек. Шоқан Шыңғысұлы небары отызға толмаған жасында халқы үшін осыншама қыруар істер атқарып кеткенде, біздің әрқайсысымыз, жұртымыздың болашағына тырнақтай болсын үлесімізді қосып, еңбегімізді сіңіруіміз керек емес пе, ел алдындағы азаматтық парызымызды неге Шоқанша сезінбеске?!» – деген ойды әрбір қазақ ұланының бойына дарытып тәрбиелеу аға буынның абзал борышы болуға тиіс.

Шоқанның даңқты бабасы туралы пікіріне тағы да бір зер салайықшы: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар, киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған. Сыбызғыда, қобызда тартылатын күйлерінің басым көпшілігі оның заманы мен өмірінің қилы кезеңдеріне арналған.» /Ш. Уәлиханов. 1985.4. 116 б./

Аңғарып отырсақ, Шоқан өзінің тегі туралы жақсы білген, құрметтеген, өз бабасы Абылай ханды сипаттауынан да осыны анық аңдап отырамыз. Шоқан сол, өзі айтып отырған Абылай хан туралы жыр-дастандарды бала күнінен жаттап өскен еді, оның үстіне, әкесі Шыңғыс хан арнайы шақырып алдырып отыратын Арыстанбай, Орынбай, Шөже сияқты бұл төңірекке ғана сыйлы, аттары мәлім емес, барша қазақ жұрты танып, өнерлерін құрметтеген құдіретті өнер иелерінің бәрі Абылай ханды дәріптеген, жандарынан жыр-дастандар шығарып жырлаған. Әсіресе, Абылай ханның сын сағаттарда, қазақтың басына қара бұлт үйіріліп, «Ел болып қаламыз ба, қалмаймыз ба?! – деген сұрақ туындағанда, алдаспандай жарқ етіп, еліміздің байрағын көкке көтере білген, жасанып келіп, жерімізге сұғынып, бойлай еніп, басып қалған жауға қарсы үш жүздің басын қосып, біріктіре алған, өз басының ерлігімен де, ұйымдастырушылық билеушілігімен де, оның қазақ жұртын ауыр тарихи кезеңнен алып шыға алғандығын Шоқан кішкене кезінен қаһармандық жыр-дастандар арқылы естіп, құлағы қанығып өсті. Ал Шоқанның кейінірек, ғалым атағы жайылғанда, империяның Абылай бабасына теріс көзқарасын біле тұра, оған әділетті түрде өз қоғамының бағасын беруі, Абылай хан ерлігі мен істеріне тарихи сараптама жасауы сөз жоқ, сол заман үшін жүрек жұтқан ерлікке пара-пар тәуекелдік әрекет болатын. Салыстырмалы түрде айтсақ, мысалы, әкесі Шыңғыс та, Абылай атасының қаһармандығын білмей қалған жоқ, бірақ, еріксіз заман ыңғайына жығылып, хан ата бабалары жауласқан империяға бағыныштылықпен қызмет етіп, шен дәрежеге ие болды. Осыған қарамастан, Шоқанның Абылай хан бабасын осылайша құдыреттендіріп сипаттап, ғылыми толымды зерттеу жазуы – ата-бабаларына тартқан, айбарлы азулы көкжалдығын танытқанмен бірдей оқыс мінез болатын. Кейде Шоқанның осындай ғылым саласында жүріп-ақ, қарусыз майданда қаламымен қаһармандығын танытуы оның түптің түбінде трагедиялы ажалына жеткізді ме деген ой келеді.

Шоқанның Омбы қаласындағы кадет корпусына келуі де қызық. Кезінде ашық айтылмауы мүмкін, дегенмен, Шоқан орыс ортасына оқуға баруға аса құлықты болмаған деседі. Әрине, бұл оқығысы, білім алғысы келмегендіктен емес, Ресей империясының хан тұқымына көзқарасын ерте түсінгендіктен. Осыған байланысты, С. Мұқанов бір қызықты дерек келтіреді. Әкесі Шыңғыс орыс арасындағы байланысы арқылы, ұлы Шоқанды кадет корпусына беруге шешіп, жолға жиналып жатқанда, ол нілдей бұзылып, оқуға бармаймын деп қиғылықты салады. Сол кезде қатты ашуланған Шыңғыс: «Арбаға байлап салыңдар!» деп өктем бұйырыпты. Сонда Шоқан: «Хан тұқымдарының байланғандары мен айдалғандары аз ба еді?» деп айтып, әрі қарай қарсыласпай, арбаға өзі мінген екен дейді. Осында Шоқанның бала да болса сол тұста көп жағдайға қаныққан, елінің саяси тәуелді отаршылықтағы мәжбүрлігін терең ұғынған сұңғылалығын танимыз.

Дегенмен, түптің түбінде, империя пиғылын жақсы түсінсе де, Шоқанның оқу-білімге деген «ашқарақтығы» бәрін жеңді. Әкесі Шыңғыс та, асыл аналары да, өзге туыс-туғандары да аса білімдар атақты нағашысы Мұса Шорманов та, Шоқанның өзі де, дәл сол кезеңде қазақ баласы үшін ұшпаққа шығудың жолы орыс білімі екендігін жақсы түсінді. Шоқанның сол кездегі патшалық Ресейдегі үздік оқу орындарының бірі Омбының кадет корпусына түсуі, одан Санкт-Петербургте ізденісін жалғастыруы Шоқанның өзі үшін де, оның сүйген халқы үшін де бірден-бір оң шешім болғандығын болашақ туар заман айқын дәлелдеп бергендігін сіздер мен біздер жақсы білеміз. Шоқан Уәлихановтың досы, кадет корпусынан қатар жүріп, өмірінің ақырына дейін ажырамаған Г. Потанин айтқандай, қазақ халқы үшін Шоқан «Еуропаға ашылған терезе» сияқты болғандығы ақиқат.



Міне, Шоқандай дара тұлғамызды танушылық та үлкен жауапкершіліктерге жетелейтінін сезінеміз. Бұл арқылы айтқымыз келгені, шоқантанушылық, бір жағынан тәлім-тәрбие мектебі, ол жан дүниеңді байытады, білсем деген құлшынысыңды арттырады, жап-жас Шоқанның соншама дүниені меңгергені, көп оқып, көп тоқып үлгергені – кімнің де болсын мақтанышын оятады.

Ең ғажабы, біздердің аса көңіл бөлуге тиіс Шоқанның ұлы қасиеті – жанының шынайы қазақтығы, туған халқын зор сүйіспеншілікпен, асқан махаббатпен сүйе білгендігі. Өз еңбектерінде, мен ақсүйекпін, төре тұқымынанмын, Шыңғыс хан әулетіненмін деп бірауыз сөз қосып, кеуде кермейтін Шоқан, тіпті өзінің тікелей бабасы Абылай хан туралы көлемді зерттеу мақаласын жазып отырып та жалғыз ауыз сөзбен өзінің хан әулетінен екенін еске салмаған. Ал, қазақ деген халықтың артықша қадір-қасиетін танытуға келгенде, жалы күдірейіп, жеміне түсетін қыранша қанатын қомдап, шабытына мінеді. Мысалды алыстан іздемей, өз еңбегінен сүзіп, тауып ала қоясыз:

«Далалық орданың тұрғыны

– қазақ, өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар, немесе, түрік шаруаларына қарағанда жоғары тұр...Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұң-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болуы керек, немесе, ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ,шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң, табиғат шіркінді тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек.»/Ш. Ш. Уәлиханов. 5 томдық шығармалар жинағы.1-ші том.390 бет./

Біз бірер мысалмен шектеліп жатырмыз, ал Шоқанның туған халқына – қазағына деген жалынымен шарпып күйдіретін, оттан ыстық махаббатын оның әрбір еңбегінен кездестіруге болады десек қателеспейміз. Мұны қазақ ортасынан бұрын прогресшіл, орыс, еуропалық ғалымдар алдымен аңғарып, сүйсіне, жарыса жазғаны және белгілі.

Көптеген ғалымдар Шоқанның батысшылдығын да баса атап өткенімен, бірақ оның ең алдымен туған қазақ халқының өкілі екендігін мақтан тұтқаны туралы жазған. Мысалы, онымен араласқан орыстың ірі саяхатшы ғалымы, географ П. Семенов Тян-Шанский: «Шоқан өз еліне адалдығын сақтап қалды, ол қазақ халқының тыныс-тіршілігін сақтап қалды, сонымен бірге, батыс өркениетін бағалай білді,» – деп жазған. «Сырт көз – сыншы» дегендей мұндай пікірлердің шынайылығына зәредей күмәніміз жоқ.

Ф. Достоевский – әлемдік әдебиеттің төрінен ойып орын алған орыстың санаулы ұлы жазушыларының бірі Шоқанның даралығына тәнті болып, хат жазысып тұрған жазушының: «Сіз мені жақсы көремін депсіз, ал мен, Шоқан, сізді турасын айтуға қысылмаймын, сізді сүйемін, ұлы жүрегіңізге, ақыл-парасатыңызға, біліміңізге тәнтімін» – деп жазуы қазақ халқына, оның дана перзентіне берілген аса биік, құнды баға болатын.

Шоқан сол Ф.Достоевский досына жазған бір хатында өзін толғандырып, уайымға батырған жан сырын былайша ашыпты:

«Қандастарыма пайдамды тигізу үшін сұлтан болғым келді, оларды шенеуніктерден, қазақ байларының озбырлықтарынан қорғамақ болдым...» Осы қысқа ғана сөзде Шоқанның жан ауруы, халқын қаншалықты сүйетіні жатқан жоқ па?

Шоқан орыстың ұлы перзентіне, өз халқының екі жақты езгі көріп отырғанын жайып салып отыр. Бұл Шоқанның ұлы жүрегі әрқашан халқым деп соққандығының, қарақан басының мүддесінен қазақ халқының мұратын жоғары қойып, болашағына алаң болып өмір сүргендігінің айқын дәлелі болмақ.

**Досжан ӘМІР,**
**ҚР Судьялар одағының төрағасы**

№ 83 (3811)
4 қараша 2025 жыл
zangazet@mail.ru

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ

**Әкімшілік сот ісін жүргізуде жұмыс беруші немесе жұмысшы мен мемлекеттік органның арасында еңбек қатынастарынан туындайтын дау қаралады.**

# ЖҰМЫС БЕРУШІ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУҒА МІНДЕТТІ



ҚР Еңбек кодексінің 186-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес еңбекке жарамсыздыққа не қайтыс болуға әкеп соққан, еңбек міндеттерін орындауға байланысты жұмыскерлер, жіберуші тараптың жұмыскерлері денсаулығының зақымдануы, егер олар жұмыс орнында болған жұмыс уақыты ішінде, жұмысы қызмет көрсету объектілері арасында жүріп-тұрумен байланысты, жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың тапсырмасы бойынша бара жатқан жолда, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындау кезінде іссапар уақытында орын алған болса, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар ретінде есепке алынады.

Еңбек кодексінің 189-бабының 5-тармағында көрсетілгендей, комиссия жиналған құжаттар мен материалдар негізінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның мән-жайлары мен себептерін айқындайды. Жазатайым оқиға еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға ретінде немесе еңбек қызметіне байланысты емес жазатайым оқиға ретінде сыныптады, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуына жол берген адамдарды айқындайды және өндірістегі еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың себептерін жою және алдын алу жөніндегі шараларды белгілейді.

Еңбек кодексінің 190-бабына сай ауыр зардаптарға әкеп соққан, адам өлімімен аяқталған және еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиғалар арнайы тергеп-тексерілуге жатады.

Акт тергеп-тексеру материалдарына сәйкес және комиссия мүшелерінің пікірлері ескеріле отырып ресімделуге тиіс. Егер еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде комиссия өрескел абайсыздық зиянның туындауына немесе оның ұлғаюына себеп болғандығын анықтаса, онда комиссия тараптардың сабақтас жауаптылығын қолданады және жұмыскер мен жұмыс беруші кінәсінің дәрежесін пайызбен айқындайды.

Еңбек кодексінің 190-бабының 3,4-тармақтарына сәйкес тергеп-тексеру нәтижесімен келіспеген немесе еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт уақытылы ресімделмеген жағдайда, зардап шегушінің немесе оның сенім білдірген адамының, жұмыскерлер өкілінің жұмыс берушіге жазбаша өтініш беруге құқығы бар. Ол он жұмыс күні ішінде олардың өтінішін қарауға және мәні бойынша шешім қабылдауға міндетті.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, ресімдеу және тіркеу мәселелері бойынша келіспеушіліктерді: 1) жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы келіспеушілік жағдайында мемлекеттік еңбек инспекторы немесе сот; 2) жұмыс беруші, жұмыскер мен төмен тұрған мемлекеттік еңбек инспекторы не қауіпті өндірістік объектілерде болған оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор арасындағы келіспеушілік жағдайында тиісті жоғары тұрған мемлекеттік еңбек инспекторы немесе сот қарайды.

Мемлекеттік еңбек инспекторының еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі шешімі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша қорытынды түрінде ресімделеді.

Сот практикасынан мысал келтірсек, мәселен, жұмысшы Ш, «Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне еңбек шартына және бұйрыққа сәйкес автокөлік жүргізушісі болып маусымдық жұмысқа қабылданған.

Ш алюминотермиттік дәнекерлеу жобасының басталуына байланысты 2022 жылғы 14 қазаннан бастап 14 желтоқсанға дейін серіктестіктің басқа аймақтағы рельс дәнекерлеу кәсіпорны филиалына іссапарға жіберілген. Осындай іссапарға дәнекерлеу жұмысының бақылаушысы, дәнекерлеушілер, дәнекерлеушінің көмекшілері, тағы басқа мамандар жолданған.

Ш. жұмысына 2022 жылғы 1 қарашадан бастап жұмысшылар бригадасын жұмыс орнына тасуға кіріскен.

2022 жылғы 6 қарашада түстен кейін, 15 сағат 00 минут шамасында алюминотермиттік дәнекерлеу жұмыстары барысында балқытылған шлак құйылған ыдыс жарылып, Ш. денсаулығына зақым алған.

Дәрігерлік кеңес комиссиясының қорытындысына сәйкес Ш. «екі жақ бет, екі жақ көз аймағы, оң жақтағы самай, маңдай және білезік буыны аймақтарының химиялық күйігінің 2-3 дәрежесі, екі жақты көздің мүйізді қабығының химиялық күйігінің 3-4 дәрежесі» диагнозы қойылып, алынған зақым «ауыр дәрежедегі жарақат» деп танылған.

Еңбек инспекциясы басқармасының бұйрығымен ауыр жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру үшін арнайы комиссия құрылған.

Жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісіне сәйкес, комиссия «жазатайым оқиға еңбек қызметіне байланысты және жазатайым оқиға туралы акті ресімделіп, тіркелуге және есепке алуға жатады, кінә дәрежесі: жұмыс беруші – 40%, жұмыскер – 60%» деген қорытындыға келген. Көрсетілген актімен келіспей, жұмысшы Басқармаға шағымданған.

Мемлекеттік еңбек инспекторының міндетін атқарушының қорытындысымен жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісі өзгеріссіз қалдырылған.

Ш. жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру комиссиясының 2022 жылғы 6 қарашадағы актісін заңсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген, онда дәнекерлеу жұмыстарына көмектескенін, оны жауапты тұлға – бригада басшысының тапсырмасымен жүзеге асырғанын көрсетіп, бұл жерде өзінің кінәсі жоқ болғандықтан, жұмыс берушінің кінәсі – 100%, жұмысшының кінәсі 0% – деп анықтауға міндеттеуді сұраған.

Дауланып отырған актіде жұмыс берушінің тарапынан жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы, жұмысшы тарапынан өрескел абайсыздық орын алғаны көрсетілген.

Бірінші сатыдағы сот жұмыс беруші тарапынан еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуына да жол берілгендіктен, жазатайым оқиғаның жұмыс орнында, жұмыс уақытында орын алғанын және соның салдарынан жұмысшының денсаулығына ауыр зардап келгенін (көздің мүйізді қабығы химиялық күйік алған) ескере отырып, сот жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісіне кінә дәрежесі бөлігінде өзгерістер енгізу қажет деген тұжырымға келген.

Сонымен қатар, сот талап қоюшының жазатайым оқиға орын алуына кінәсінің жоқ екені туралы уәжін негізсіз деп санаған, себебі Еңбек кодексінің 181-бабының 2-тармағына сай жұмысшы да өз тарапынан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, қағидалардың және нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға міндетті болып табылады деп көрсеткен.

Соттың шешімімен 2022 жылғы 6 қарашада «Т» ЖШС-нің қызметкері Ш.-мен болған жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісінің 6.2-тармағы заңсыз деп танылып, күші жойылған. Сот Еңбек басқармасына арнайы тексеру актісіне жұмыс берушінің кінә дәрежесі – 60%, қызметкердің кінә дәрежесі – 40% деп көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізуге міндеттеген.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

ҚР Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен сот актілерінің арнайы тексеру актісіндегі жұмыс берушінің кінә дәрежесі – 60%, қызметкердің кінә дәрежесі – 40% деп көрсеткен бөлігі, жұмыс берушінің кінә дәрежесі – 100%, қызметкердің кінә дәрежесі – 0% деп өзгертілген.

Сот алқасы келесідей негіздер бойынша шешімді өзгерту туралы тұжырымға келген. Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 1), 10), 25) тармақшаларына сәйкес, жұмыс беруші Қазақстан еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға; жұмыскерлерді жабдықпен, аспаптармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де құралдармен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Еңбек шартымен жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру міндеті көзделген.

Дәнекерлеу жұмыстарында жарылу мүмкіндігі, яғни айналасындағылардың өмірі мен денсаулықтарына зиян келтіру қаупі бар құрал-саймандарды транспортқа тиеу, тасымалдау, транспорттан түсіру, пайдалану кезінде ол жұмыстарға арнайы рұқсаты бар жұмысшылар тартылуы керек. Бұл жұмыстар ерекше бақылауға алынып, қауіпсіздік ережелері қатаң сақталуға, бөгде адамдарды ондай жұмысқа тартуға тыйым салынуы тиіс.

Серіктестік болса дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу барысында жұмысшылардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген, сондықтан жазатайым оқиғаға жұмыс беруші ғана кінәлі болып танылуы тиіс.

Еңбек дауларын қарау кезінде жұмыс беруші мен жұмысшының міндеттеріне назар аудару керек, олардың тарапынан еңбек қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету мәселесі жіті зерделенуі керек.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушыға іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті, бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала шешімге қарсылықты алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы. Осылайша, тексеріс тағайындау алдында еңбек инспекторлары әкімшілік рәсімге қатысушылардың қатысуымен тыңдау рәсімін өткізу қажет.

Себебі ӘРПК-мен көзделген рәсімдердің жүргізілмеуі, тиісті түрде өткізілмеуі кейін шығарылған әкімшілік актінің күшін жоюға негіз болуы мүмкін.

**А. АБИЛГАЗИНА,**
**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЙДЫ

**Сенат «Қазақстан Республикасы мен Марокко корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды мақұлдады. Келісім бірқатар мәселелерді реттейді.**

Қазақстан Республикасы мен Марокко корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң тараптардың сұрау салуы негізінде қылмыстық қудалау жүргізу немесе соттың үкімін орындау мақсатында іздестіріліп жатқан кез келген тұлғаны ұстап беру тәртібін айқындайды.

Келісім қылмыс жасаған адамдар үшін жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған және келесі мәселелерді реттейді:

1) тараптардың заңнамасына сәйкес бас бостандығынан айыру мерзімі кемінде бір жыл немесе неғұрлым қатаң жаза көзделген қылмыстар жасаған күдіктілер мен айыпталушыларды қылмыстық қудалау мақсатында ұстап беру тәртібі;

2) жоғарыда атап өтілген қылмыстар бойынша сот үкімін орындау мақсатында ұстап беру тәртібі, егер сұрау салу келіп түскен кезде өтелмеген жаза мерзімі кемінде алты айды құрайтын болса;

3) ұстап беруден бас тартудың міндетті және факультативтік негіздері, атап өтетін болсақ қылмыстың саяси сипаты болған, өлім жазасы көзделген немесе ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге қайшы келетін жағдайлар.

«Тараптардың өз азаматтарын ұстап беруге жол берілмейді. Келісімді іске асыру жазбаша түрде сұрау салу негізінде жүзеге асырылады. Сұрауға қатысты қабылданған шешім туралы ақпаратты сұратылған тараптың орталық органы сұратушы тараптың уәкілетті органына дереу хабарлайды. Аталған құжат шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын орталық органдар ретінде Қазақстан Республикасынан – Бас прокуратура, ал Марокко корольдігінен – Әділет министрлігі айқындалады. Сонымен қатар, құжаттың орындалуына байланысты шығыстарды өтеу тәртібі, дауларды шешу рәсімдері және өзге де құқықтық нормалар көзделген»,– деді Мұрат Қадырбек.

Келісімде сондай-ақ шығындарды бөлу, келіспеушіліктерді реттеу және міндеттемелерді орындаудың өзге де рәсімдік аспектілері қарастырылған.

Келісімнің жасалуы Қазақстан мен Марокко аумағында сот төрелігінен жасырынған адамдарды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді, қазақстандық азаматтардың шетелдегі құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтеді және қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттырады.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ЖОБА

# «АТА ЖОЛЫ»: ТАРИХИ ОТАН ШАҚЫРАДЫ!

**Қазақстан шетелде тұратын этникалық қазақтардың құқықтарын кеңейтуді жоспарлап отыр. Енді «Ата жолы» картасының иелеріне тарихи отанында жер алып, бизнес жүргізуге мүмкіндік беріледі.**




Премьер-министр Олжас Бектеновтың айтуынша, осы мақсатта Жер кодексі мен бірқатар заңдарға толықтырулар енгізілмек. «Бұл өзгерістер шетелдегі этникалық қазақтарға Қазақстанда бизнес жүргізуге, жұмысқа орналасуға және жер телімдерін иеленуге жол ашады», – деді Үкімет басшысы.

Заң жобасында ұсынылған негізгі өзгерістер:

«Ата жолы» картасы иелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындау («Халықтың көші-қоны туралы» заңға);

Бизнесті ашу мен дамытуға қолдау көрсету («Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы туралы» заңға);

Жұмыспен қамтуда жеңілдіктер беру (Еңбек кодексіне);

Жеке кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігін кеңейту (Кәсіпкерлік кодексіне); Жер телімдерін алу құқығын беру (Жер кодексіне).

Бектеновтың сөзінше, заң жобасы мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен әзірленіп жатыр. Құжат қабылданған жағдайда, «Ата жолы» картасы иелеріне берілетін мүмкіндіктер айтарлықтай ұлғаяды. «Бұл карта этникалық қазақтардың тарихи отанымен байланысын нығайтып, шетелдегі білікті мамандарды елге тартуға бағытталған», – деді Премьер-министр. 2025 жылдың 1 қазанына дейін 71 «Ата жолы» картасы 153 адамға берілген. Олардың арасында Ресей, Қытай, Германия, Ұлыбритания, Израиль, АҚШ және басқа да елдерден келген кәсіпкерлер мен мамандар бар. Картаны иеленгендердің көбі – физика, медицина, ауыл шаруашылығы және IT саласының өкілдері. Алайда сенатор Бекбол Орынбасаровтың айтуынша, көптеген этникалық қазақтар бюрократиялық кедергілерге байланысты бұл мүмкіндікті пайдалана алмай отыр. Ол мәселені шешу үшін ведомствоаралық комиссия құруды ұсынды. «Ата жолы» картасы этникалық қазақтарға өз азаматтығын сақтай отырып, Қазақстанда 10 жылға дейін уақытша тұруға, жұмыс істеуге, бизнес ашуға, тегін білім алуға және жеңілдетілген азаматтық алу процесіне қатысуға мүмкіндік береді.

«Бұл карта этникалық қазақтардың тарихи отанымен байланысын күшейтіп, білікті мамандарды Қазақстанға тартуға арналған», – деді Премьер-министр.

Дегенмен, сенатор Бекбол Орынбасаровтың сөзінше, бюрократиялық кедергілерге байланысты көптеген этникалық қазақтар бұл мүмкіндікті пайдалана алмай отыр. Ол осы мәселені шешу үшін ведомствоаралық комиссия құру маңызды.

«Ата жолы» картасы этникалық қазақтарға өз азаматтығын сақтай отырып, Қазақстанда 10 жылға дейін уақытша тұруға, жұмыс істеуге, бизнес ашуға, тегін білім алуға және жеңілдетілген азаматтық алу процесіне қатысуға мүмкіндік береді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**«Заң газеті»**

## «Үздік педагог – 2025» конкурсының жеңімпаздары

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Абилова Меруерт Қуанышқызы | Алматы қаласы «№181 жалпы білім беретін мектеп», бастауыш сынып мұғалімі |
| 2 | Абуева Райса Турлыбекқызы | Солтүстік Қазақстан облысы «Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназиясы», бастауыш сынып мұғалімі |
| 3 | Ажкеева Гаухар Алтынбекқызы | Батыс Қазақстан облысы «Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 4 | Айкимбаева Дина Даулетқызы | Астана қаласы «Жоғары көлік және коммуникация колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 5 | Аймұханбетова Гүлназ Ахметқызы | Шығыс Қазақстан облысы «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі», қазіргі қазақ тілі пәнінің мұғалімі |
| 6 | Алибаева Гүлжан Сакенқызы | Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бастауыш сынып мұғалімі |
| 7 | Аманов Нұржігіт Бердібекұлы | Алматы қаласы «Сұлтан-Ахмет Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицей», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 8 | Әбеу Нұргелді | Алматы облысының «Әл-Фараби» атындағы мамандандырылған лицейі», химия пәнінің мұғалімі |
| 9 | Әлмұқан Асқар Сатыбайұлы | Батыс Қазақстан облысы «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты», тарих пәнінің мұғалімі |
| 10 | Баялиева Айжан Жанатбайқызы | Жамбыл облысы «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы |
| 11 | Бектасова Алмагүл Ибраимқызы | Алматы қаласы «№ 178 мамандандырылған лицей», математика пәнінің мұғалімі |
| 12 | Бекманова Меруерт Гаухарқызы | Шымкент қаласы «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 13 | Бигожина Бакина Олжабайқызы | Астана қаласы «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия», қазақ тілі пәнінің мұғалімі |
| 14 | Бухарбаева Динара Ермұрзақызы | Алматы облысы «Қарасу орта мектебі», физика пәнінің мұғалімі |
| 15 | Джандильдинов Медет Құрманғазыұлы | Ұлытау облысы «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты», ағылшын тілі пәнінің мұғалімі |
| 16 | Диханова Жүзім Сыдиққызы | Маңғыстау облысы «Мамандандырылған IT лицей», математика пәнінің мұғалімі |
| 17 | Елюбаева Наталья Геннадиевна | Абай облысы «Жезкент кентінің мектеп-лицейі», информатика пәнінің мұғалімі |
| 18 | Есенгельдинов Жанат Еслямұлы | Солтүстік Қазақстан облысы «Тайынша қаласының № 1 орта мектебі», география пәнінің мұғалімі |
| 19 | Есенғожина Ақмарал Еркенқызы | Павлодар облысы «Қ.Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 20 | Жанасова Құралай Еркенқызы | Астана қаласы «Дарынды қыз балаларға арналған» Білім-инновация» лицей-интернаты», биология пәнінің мұғалімі |
| 21 | Жанабергенова Мейрамгүл Сакидуллақызы | Маңғыстау облысы «Ақшұқыр мектеп-лицейі», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 22 | Жандаулетова Қызғалдақ Жангазықызы | Ұлытау облысы «№1 жалпы білім беретін мектебі», бастауыш сынып мұғалімі |
| 23 | Жүніс Октябрина Амангелдіқызы | Астана қаласы «№ 71 мектеп-лицей», математика пәнінің мұғалімі |
| 24 | Жұмабекова Гүлмира Бектемірқызы | Абай облысы «Шәкәрім атындағы көпбейінді № 5 гимназиясы», тарих пәнінің мұғалімі |
| 25 | Жунусова Айнұр Бақтиярқызы | Ұлытау облысы «Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы», география пәнінің мұғалімі |
| 26 | Жусупова Гүлнұр Айдарқызы | Қызылорда облысы М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы |
| 27 | Зайтбекова Раушан Исабайқызы | Жетісу облысы «Жетісу орта мектебі», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 28 | Зәкариянова Сандуғаш Зарыққанқызы | Алматы қаласы «С.Сейфуллин атындағы №74 жалпы білім беретін мектеп», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 29 | Ибатаева Индира Айтахметқызы | Шығыс Қазақстан облысы «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицей», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 30 | Имашева Динара Иманбайқызы | Батыс Қазақстан облысы «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 31 | Кенжалиева Әсел Қабиденқызы | Маңғыстау облысы «Нұрлыхан Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 32 | Кикбаев Алтынбек Камаламұлы | Қызылорда облысы «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі», информатика пәнінің мұғалімі |
| 33 | Коломеец Наталия Петровна | Қостанай облысы «Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 10 бөбекжайы», тәрбиеші |
| 34 | Кужубаева Жанат Бергембайқызы | Қостанай облысы «№ 18 мектеп-гимназиясы», бастауыш сынып мұғалімі |
| 35 | Қабылова Меруерт Бляқызы | «Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі жеке меншік мекемесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы |
| 36 | Қырықбаев Нұрбол Мұсаұлы | «Батыс Қазақстан облысы «Оқушылар сарайы», «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі |
| 37 | Лаубай Тоғжан Құралбайқызы | Жамбыл облысы Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы», тарих пәнінің мұғалімі |
| 38 | Макеева Камшат Мәулетқызы | Жетісу облысы «Ильяс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жанындағы колледж», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы |
| 39 | Мамиров Берікбай Оразақынұлы | Алматы қаласы «№3 жалпы білім беретін мектеп», көркем еңбек пәнінің мұғалімі |
| 40 | Мұратова Еркежан Құмарқанқызы | Шығыс Қазақстан облысы «Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейі», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 41 | Надырова Назугум Абдурizaққызы | Алматы қаласы «Алматы технологиялық колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 42 | Нургазина Айжан Сеитқызы | Астана қаласы «№ 97 мектеп-гимназия», бастауыш сынып мұғалімі |
| 43 | Паникарская Наталья Юрьевна | Астана қаласындағы «Республикалық физика-математикалық мектебі», математика пәнінің мұғалімі |
| 44 | Райс Марта | Алматы қаласы «№152 мектеп-гимназия», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 45 | Рахымжан Бағдагүл Рахымжанқызы | Астана қаласы «Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназия», тарих пәнінің мұғалімі |
| 46 | Саудабаева Маржан Аманкелдіқызы | Түркістан облысы «Мәулен Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты», информатика пәнінің мұғалімі |
| 47 | Салимов Алмаз Баймарзаұлы | Астана қаласындағы «Республикалық физика-математикалық мектебі», физика пәнінің мұғалімі |
| 48 | Сапашева Эльмира Ибрагимқызы | Батыс Қазақстан облысы «Л.Қылышев атындағы жалпы білім беретін мектебі», тарих пәнінің мұғалімі |
| 49 | Сахарова Галина Николаевна | Шығыс Қазақстан облысы «Облыстық мамандандырылған IT-мектеп-лицейі», бастауыш сынып мұғалімі |
| 50 | Сеитова Гүлнар Байтасқызы | Ақмола облысы «Оқжетпес ауылының жалпы орта білім беретін мектебі», химия пәнінің мұғалімі |
| 51 | Сейдахметова Гүлшарат Махсутқызы | Түркістан облысы «Ж.Жабаев атындағы №75 жалпы орта білім беретін мектеп», информатика пәнінің мұғалімі |
| 52 | Сейлова Майра Сұлтанқызы | Ұлытау облысы «Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебі», тарих пәнінің мұғалімі |
| 53 | Серғазина Зинегүл Джумадилқызы | Қостанай облысы «№ 18 мектеп-гимназиясы», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 54 | Смағулова Жазира Сейдәліқызы | Қызылорда облысы «Еркін Әуелбеков атындағы № 4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты», биология пәні мұғалімі |
| 55 | Степанова Ольга Николаевна | Солтүстік Қазақстан облысы «ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық мектеп-лицей-интернаты», биология пәнінің мұғалімі |
| 56 | Төлеген Піржан Ержанұлы | Қызылорда облысының «№42 Қ.Баймағанбетов атындағы мектеп-лицейі», химия пәнінің мұғалімі |
| 57 | Турекенова Аяужан Қайсанқызы | Астана қаласы «Б. Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 58 | Тілеубергенова Назгүл Жолымбетқызы | Ақтөбе облысының «Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжі», шетел тілі пәні мұғалімі |
| 59 | Тобугов Маулен Тюлюбайұлы | Жамбыл облысы «А.Бөкейханов атындағы орта мектебі», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 60 | Хамзин Елебек Советұлы | Ақмола облысы «Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 61 | Хатенова Майрагүл Мұқарамқызы | Атырау облысы «Оңайбай Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі», информатика пәнінің оқытушысы |
| 62 | Шерцер Александр Иванович | Қостанай қаласындағы «Физика-математикалық бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі», информатика пәнінің мұғалімі |
| 63 | Шумақова Шолпан Ахметқызы | Ақтөбе облысының «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |
| 64 | Шынарбек Шыңғыс Әбілұлы | Абай облысы «Электротехника колледжі», арнайы пәндер оқытушысы |

## ТАРАТУ

3. «Науатоған» су пайдаланушылар ауылдық тұтыну кооперативі (БСН 090640004149) (Алматы облысы, Панфилов ауданы, Айдарлы ауылы, Жеңіс көшесі, 2-үй) өзінің жабылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Лян көшесі, 54-үй, тел. 8 701 294 3113.

4. «Картен Строй» ЖШС (БСН 130140010761) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, 236-үй.

5. «Титан-бетон» ЖШС (БСН 120140017527) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, 236-үй.

6. «ШакирДент» ЖШС (БСН 210740029462) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Фариза Оңғарсынова көшесі, 6-үй, т.е.б. 11.

7. «Ūlan Qūrylys group» ЖШС (БСН 210640012187) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27-шағын ауданы, 21-үй, 61-пәтер.

8. «Turan International Media Entertainment» ЖШС (БСН 250640006724) (Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген шағын ауданы, Наурызбай Батыр көшесі, 15А-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Орбита-2» шағын ауданы, 8-үй, 39-пәтер.

10. «Жасыл Шурат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 210740003796) (Астана қаласы, Іляс Есенберлин көшесі, 4 корпус) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар көрсетілген мекенжайда хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай ішінде қабылданады. Тел.: +7 705 673 15 44.

12. «Нұрлы жол» Түркістан облысы жанармай бекеттері қауымдастығы» жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бірлестігі, (БСН 221040002856) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент ауылдық округі, Ақсу ауылы, Б.Батыр көшесі, 3В ғимарат, индекс 160800.

## ӘРТҮРЛІ

9. «НПО «Дортехника» ЖШС өз қатысушыларын 2025 жылы 4 желтоқсанда сағат 11.00-де Алматы қаласы, Нұрпейісов көшесі, 2А, үшінші қабат, №3 кабинет мекенжайында өтетін Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жиналысы туралы хабарлайды. Жиналысты өткізу тәртібі жеке түрде. Жиналысты өткізуге «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 55-бабы негіз болып табылады. Күн тәртібі: Мүдделілігі бар мәміле (мәмілелер тобы) Серіктестіктің мына мекенжайда орналасқан өндірістік объектіні сату-сатып алу мәмілесін бекіту туралы шешім: Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, № 18 учаске.

11. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.
Анықтама арналған телефоны: +7 702 321 86 86.
Лиц. 01.21.0009Л.

2. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 14.11.2025 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлік, 1998 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,7 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 3 777 053 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22 үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.


## Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

**«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921*

zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

# МЫЛҚАУ ТҮН

*(Соңы. Басы өткен санда)*



Тергеуші аларып қарады. Қас-қағы қатуланып кетті. «Еш қатысы жоқ» деген сөз оған емес, өзіне жұбату үшін айтылғанын аңғарды. Абылай Әзімханұлы дереу куәларды қайта сұратып, журналдағы деректерді бейнежазбамен қайта салыстырды. Қыздардың бөлмесінде камера жоқ болғанымен, дәлізге кіріп-шыққан әр қадамды қалт жібермеді. Бейнежазбадағы бейне – дәл директордың жиырма үш жастағы баласы екенін растайтын бірнеше ұсақ дәлел табылды: бойының биіктігі, киімінің түсі, былғары білезігі, бір аяғын ішке басып жүргені. Сосын зорлық болған жерді қарап-тексеру жүргізген кезде дәл осы былғары білезіктің тізімде тұрғанын көрген. Бірақ оны қыз балаға тән деп ойлап мән бермеген еді. Сол сәттен бастап күдік директордың ұлына ауысты. Алматының бітпейтін кептелісінде тұрып, өз ойымен әлек болды.

Қыздың тағдырын қорлаған кім болса да, жауап беруге тиіс. Оның үстіне қоғамның әлсіз тобына, мүмкіндігі шектеулі жанға зорлық көрсету деген енді барып тұрған айуандық емей немене? Ол қылмыстық істің жаңа бағыты бойынша, директордың ұлын ресми түрде жауапқа шақырды.

**4**

Есіктен орта бойлы, қысық көз, арықша келген жас жігіт кірді. Директордың баласы – Марат. Жұқа беті сұрланып, қысық көзі жыпылықтап тұрғаны бірден байқалды. Әлгі бейнежазбадағыдай былғары білезігін қолына тағып алыпты. Біреуін жоғалтып, екіншісін қайта сатып алып үлгерген бе? Әлде екеу болып, біреуі қалып қалған ба? – деп жүйрік ойы ой-қырды шарлап кетті.

– Отырыңыз, – деді тергеуші сабырлы дауыспен. – Оқиға бойынша жауап бересіз.

Жігіт орындыққа жайғасқанымен, көзі тергеушіден тайқыды.

– 12 сәуір күні сіздің дәлізде жүргеніңіз бейнебақылауға түсіп қалған. Сағат түнгі 24:13. Не істеп жүрдіңіз? Ары қарай камералар істен шыққан. Сонда шыққан уақытыңыз белгісіз.

– Мамамның заттарын алып кетуге келдім, – деді жас жігіт кібіртіктеп.

Абылай Әзімханұлы жігіттің жүзіне қадалды.

– Затын алған соң неге бірден шықпадыңыз? Дәлізде ары-бері жүргеніңіз көрініп тұр. Неге бөгелдіңіз?

Жігіт ернін қысып, бір сәт үнсіз қалды. Артынша:

– Ештеңе. Жай ғана жүрдім, – деді күмілжіп.

– Дәлізде ме? Түн ортасында?, – тергеушінің дауысы суық әрі анық шықты. – Сенде мынадай қанша былғары білезік бар сонда?– деп жігіттің қолына тағып алғанын ұстады.

– Осы ғана. Анам сыйлаған соң тастамай тағамын! – деді Марат сұрақтың мәнін түсінбегендей.

– Жауабыңыз хаттамаға тіркелді, – деді. – Бірақ бейнежазба мен уақыт журналдары сіздің сөзіңізбен сәйкес келмейді. Бұл жай ғана жауап емес, қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде берілген жауап.

Жігіттің өңі құқыл тартып, тілі байланып қалды.

– Шын айтып тұрмын. Сағатқа қарап жүрмедім. Бардым, біраз жүріп қайттым.

– Сізге қатысты сот молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалады. ДНҚ үлгісі алынады. Бұл заңды процедура. Дегенмен, бас тартуыңызға да болады. Бірақ кінәлі болмасаңыз неден қорқасыз?

Жігіт бір сәт тосылып қалды.

– Мен ештеңе істеген жоқпын, – деп міңгірледі.

Тергеуші салқынқанды қалыппен:

– Егер рас айтсаңыз, қорқудың қажеті жоқ, – деді.

Сосын ол сараптамаға жіберіліп, дәрігер мамандар қажетті құралдарды дайындап, күдіктіден сілекей мен қан үлгісі алынып, арнайы хаттама толтырылды.

**5**

Полковник үстел үстіндегі құжаттарды шашып алды да, қайта жинап, сараптама қорытындысын мұқият оқи бастады.

Қыздың өзі мұндай дәріні қолданбағаны анық. Демек, біреу қасақана берген. Бұл – зорлықтың алдын ала жоспарланғанын айғақтайтын маңызды дәлел.

Тергеушінің жүзі сұрланып кетті. Ол дереу өзі жетекшілік ететін жедел-тергеу тобындағы бір анықтаушыны шақырып:

– Интернаттағы дәрі-дәрмек сақтайтын бөлмені тексеріңдер. Седативтік препаратты кімнің алғанын анықтау қажет! – деп тапсырма берді.

Абылай Әзімханұлының ойы жүйріктей шапқылап бара жатты.

Бұл жай ғана жыныстық қылмыс емес. Біреудің ақылмен құрған жоспары. Кімнің қолында мұндай дәрі бар? Дәрігер ме, тәрбиеші ме, директордың баласы, әлде техникалық қызметкер ме? «Интернаттың өзі мұндай препараттарды сақтамайды. Демек, дәріні сырттан әкелген, мұқият болмаса болмайды», – деді іштен.

Күн батпай мектеп директорына барып тағы да біраз сұрақтың жауабын алғысы келді. Бұл жолы директор алғашқыдағыдай «шын зорлап па?» деп сенбей сөйлегендей емес, істің оңтайлы шешілуіне барлық күшін салатынын айтып ағынан жарылумен болды.

– Қылмыс болған күні таңғы сағат 5 шамасында сізге тәрбиеші хабарласты ма?

– Иә, хабарласты.

– Оны алғашқы күні неге жасырдыңыздар? Тәрбиеші де өтірік айтты.

– Мен сенген жоқпын, шынымды айтайын! Оның үстіне Мәруа да «мені зорлаған сияқты» деп сенімсіз айтқан екен. Сосын тәрбиешіге «өтірік шығар, үндемеңдер» дегенім рас. Енді өзіңіз ойлаңызшы, кім осылай болатынын білген?

– Сонда алыстағы әпкесі келіп шағымданбаса, міз бақпай отыра берерсіздер, иә? Енді сіздің ұлыңыз күдікті ретінде жауапқа тартылып жатыр. Мүмкін, қылмыскер сіздің ұлыңыз болар?

– Ой, жоқ! Менің ұлым мұндайға бармайды.

Соңғы сұрақтан кейін мектеп директорының жағдайы болмай қалды. Қан қысымы көтерілді ме әп-сәтте былқ-сылқ күйге түсті.

– Мен қайтып келемін! – деді тергеуші шығып бара жатып.

Интернаттан шығып кеткенше: «Шындықтан құтыла алмайсыңдар!» деп қайталаумен болды Абылай Әзімханұлы.

Кешкісін тергеушінің кабинетіндегі есікті жеңіл қағып, интернаттағы камераларды қайта қарап отырған жігіт кірді. Қолында флешкасы бар.

– Абылай Әзімханұлы, – деді ол дауыстап, – бір қызық жайтты байқадым.

Тергеуші басын көтеріп, ишара етті:

– Айта бер!

Жігіт флешканы ноутбукке салып, дәліздегі бейнежазбаны көрсетті. Кадрда – директордың орынбасары. Ұзын бойлы, арық келген 30 жастағы жігіт. Есімі – Серік Танбасов. Таңертең жұмысқа кіргені анық жазылған. Бірақ кешкісін шығып кеткен сәті ешбір камераға түспеген.

– Ал мынау – электрондық журнал, – деді жігіт екінші құжатты ашып.

– Оның ID– карточкасы бойынша кешкі сағат 19/30 шамасында интернаттан шыққан деп тіркелген.

Абылайдың қабағы түйіле түсті.

– Демек, бейнежазбада жоқ, бірақ жүйе оны сыртқа шыққан деп көрсетіп тұр.

Ол ойланып қалды. «Бұл — классикалық манипуляция. Біреу карточканы қолдан жасаған немесе орынбасардың өзі біреуге сеніп тапсырған. Ал өзі ғимарат ішінде қалып қойған». Бірақ аса жаны ашығыш мұғалімдей көрініп еді. Бөлмені қарап-тексеру жұмыстарын жүргізуге барғанда да өзін көрдік. Мәруаның жағдайын сұрап, «көмек қажет болса айтыңыз» деп еді. Сара да интернаттан тек орынбасардың хабарласып зорлық болғанына сенетінін айтқан деп еді. Бірақ ерте ой түйіп қойған тәріздімін. Серік Танбасовтан жауап алған соң белгілі болар.

Таңғы бестен оянған тергеуші екі сағат бойы өзен жағалап жүгірді. Әр басқан қадамы – қылмыстың бетін ашу болды. Абылай Әзімханұлы дереу басқа жоспар құрады.

– Серік Танбасов туралы білуге тиіс барлық мәліметті алып келші! – деді қылмысты ашу бөлімінің жедел уәкіл қызметкерлеріне. Қылмыскер артына түскенін білсе, сақтық шараларын жасауы мүмкін. Сондықтан бұл істе қателікке ұрынбау керектігін жақсы біледі.

– Абылай Әзімханұлы, бақылау нәтижесін баяндауға рұқсат етіңіз.

Тергеуші қысқа ишара жасады.

– Директордың орынбасары қала шетіндегі қарапайым пәтерде тұрады. Пәтер әкесінікі, жанұясы бар, әйелі жұмыс істемейді, үй шаруасында. Екі қызы бар, екеуі де балабақшаға барады. Үйде қарт әкесі тұрады, денсаулығы әлсіздеу, үнемі күтімді қажет етеді. Қолындағы қағаздарына тағы үңіліп,

– Көлігі бар, кредитке алынған. Соңғы айларда төлемдерді уақытылы жасай алмай жүргенін аңғардық.

Абылай Әзімханұлы үнсіз тыңдап, орындығының арқалығына сүйенді. Ішкі түйсігі тағы бір жіптің ұшын сезіп қалды. «Демек, қаржылық қиындықта жүр».

– Жақсы. Бақылауды жалғастырыңдар. Қай жерде, кіммен кездескенін, кешкі уақыттарын жіті қадағалаңдар. Қаржылық қиындыққа түскен адамның ізін жасыруы оңай емес. Кемінде бір жерде жаңылады, – деді ол анық үнмен.

Жігіт басын изеді де, шықты. Кабинет қайтадан тына қалды. Абылайдың көз алдына мылқау қыздың жанарынан көрген үрейі қайта оралды. Ол үшін істің ар жағындағы шындықты ашу – жай ғана қызмет емес, адамдық парыз еді.

Абылай Әзімханұлы күдік шеңберін тарылту үшін ең алдымен күдіктінің көлігінің қозғалыс бағытын анықтауды ойлады. Транспортты бақылайтын телеком-операторлар мен қаладағы жол камералары арқылы деректер сұратты: қай күн, қай сағатта, қай бағытқа барғаны туралы деректің маңызы айтпаса да белгілі еді.

Құжаттарда көліктің әр аптаның төртінші күні Сейфуллин көшесіндегі орталық дәріхана алдына баратыны анық болды. Абылай Әзімханұлы прокуратура арқылы аудандық дәріханаларға сұрау жіберіп, рецептік журналдарды талап етті. Журналдағы жазбалардан күдіктінің аты-жөні шықпады. Бірақ фамилиясы ұқсас деп Серік Танбасовтың әкесі Мәлік Танбасовтың есімі атып шықты. Әкесіне рецепті бойынша дәрі рәсімделген. Дәрінің түрі – рецепті талап ететін седативтік топтан шыққаны анықталды. Рецепт — апталық, бейсенбі күні беріледі. Дәріханалық рецептер әкесінің атына берілген седативті дәріге арналған; дәл сол дәрі Мәруаның қанынан табылды. Бұл күдіктіні тікелей айыптау емес, бірақ өте мықты корреляциялық дәлел еді.

Абылай Әзімханұлының қолында еді айқын құжаттар мен зертханалық нәтижелер болды. Сот-медициналық токсиколог Мәруаның қанынан табылған метаболитті сипаттайтын хаттаманы абайлап ашты да, фармакологпен бірге аптекалық дәрінің партия нөмірін салыстыра бастады. Бірнеше сағаттан кейін келесі қорытынды түсті:

Мәруаның қанындағы зат пен аптеканың рецепті бойынша берілген седативтің химиялық құрамы бірдей; метаболиттік профильдер сәйкестігі жоғары болды. Сондай-ақ, Мәруаның жанындағы қыздардың қанынан да ұйықтататын дәрінің белгілі бір мөлшері табылды. Ендігі үміт – ДНҚ қорытындысында.

**6**

Директордың баласы Маратқа, сонымен қатар интернаттағы барлық ер адамның ДНҚ сәйкестігін тексерген сараптама да дайын болған екен. Алдымен Мараттың сараптамасын оқыды. «Киім мен ағзадан табылған бөгде ДНҚ – күдікті профилімен сәйкес келмейді». Киімдегі ДНҚ профилі күдікті азамат С.Танбасов референстік үлгісімен толық сәйкес келеді.

Осы сәтте оның ойына маңызды жайт түсті: сол күні интернатқа директордың баласы кіріп шыққан. Бірақ қыздардың бөлмесіне ол ешқашан бармаған. Ал білезікті сол жерге қалдырып кеткен – нағыз қылмыскер Серік емес пе? Мәруаны Сара келіп алып кеткенде тергеу болатынын сезді. 12 сәуір күні өзі тығылып іште жүргенде, директордың ұлы да көлбеңдеп келе қалғанына сол кезде қаны қайнаса да, кейіннен оған жала жауып, бір оқпен екі қоянды атамын деп айла тапты. Директорды орнынан алған жағдайда өзінің директор болып шыға келетінін армандаған болар. Бастыққа жақын жүргендіктен ұлы жайлы хабардар. Әлгі білезік туралы да білетін болып тұр. Сонда мотиві осы ма? Тергеуші өз ойына сенбей тұрды.

Кабинетке орынбасар Серік Танбасов кірген сәтте әдеттегідей тіл мен жағына сүйеніп сөйлеп кірді.

– Жұмысым көп еді. Арнайы интернат болған соң қағаз жұмыстары көп. Тергеу аяқталуға жақын ба өзі? – деді полковникке қарап.

Оның сұрақтарын назарға ілмеген полковник:

– Мәселе 12 сәуір болған оқиғада. Сіз ол күні интернаттан шыққан жоқсыз. Камерада бейнеңіз жоқ, тек ID-картаңыз «шығып кетті» деп тіркелген. Мұны қалай түсіндіресіз?

Орынбасардың өңі сұрлана түсті.

– Мен... мен... бәлкім техникалық ақау болған шығар... – деді күмілжіп.

Тергеуші қаламын қағазға түртіп отырып:

– Жарайды. Бірақ тағы бір жайт бар. Қыздардың бөлмесінен табылған білезік. Сіз оны көрдіңіз бе?

– Жоқ... көрген жоқпын...

Абылай жымиып:

– Қызық екен. Ал саусақ ізіңіз дәл сол білезіктен табылды.

Орынбасардың көзі атыздай болды. Тергеуші оған әдейі жалған айғақ айтып, психологиялық қысым жасаған еді. Ол әдіс нәтиже берді – күдіктінің ерні дірілдеп, көзін тайдырып әкетті.

– Мен ештеңе істеген жоқпын! – деп орнынан қозғала жаздады ол.

– Сабыр етіңіз, – деді Абылай салқынқанды үнмен. – Тағы бір сұрақ: сіз әкеңізге рецепт арқылы дәрі алып жүрсіз ғой. Сол дәрінің құрамындағы зат Мәруаның қанынан табылған. Бұл сәйкестік пе? Ал бөлмедегі басқа қыздардың қанынан да ұйықтатқан дәрі белгілері анықталды.

Серік абдырап қалды. Тергеуші қас қаққанша оның ішкі әлемін аршып отырғандай еді.

– Мен... әкем үшін ғана алдым... – деді ақыры күбірлеп.

Абылай Әзімханұлы орнынан еңкейе түсіп, салмақты дауыспен:

– Әкеңізге алған дәріні Мәруаның сусынына қосқансыз. Мылқау қызды зорлағансыз. Білезікті бөлмеге тастауыңыз – кінәні басқаға аудару үшін жасалған амал. Бұл ойыңыз іске аспай қалды.

Серіктің көзіне жас үйірілді, ерні жыбырлады, бірақ ол ештеңе дей алмады.

– Біз асханадағы қыздардан жауап алдық, олардың тамақ берілетін уақытта орынбасарлардан сіз ғана келіп тексеріп кететініңізді айтқан еді. Сол уақытта салып жүрсің ғой сусынға дәріні, – деп Абылай Әзімханұлы үстелді бар күшімен ұрып қалды.– Не болды? Не жетпей жүр саған? Өзіңнің де қыздарың өсіп келеді емес пе? – деп басын салбыратып отырған Серікке қарады. Қыздары енді есіне түскендей еңіреп кетті.

Қыз денесі мен киімде қалған ДНҚ – Серік Танбасовқа тиесілі. Былғары білезікті әдейілеп тастап кету, интернат ішінде жасырын қалып, қызды шалажансар күйге түсіретін дәріні ішкізіп, кәмелет жасқа толмаған мылқау қызды зорлағаны толықтай бұлтартпас айғақпен дәлелденді.

Сот шешімімен директор орынбасары Серік Танбасов ұзақ жылға бас бостандығынан айрылды. Жазасын қатаң режимдегі түзеу колониясында өтейді. Сонымен қатар, оған кәмелет жасындағы балалармен жұмыс істеуге өмір бойына тыйым салынды.

**Гүлден ЖЫЛКЕЛДИЕВА**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 6047 дана**
**Апталық таралым 12094 дана**

Тапсырыс №166 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31